



### ТҮРҒЫН ҮЙДІ БАСҚАРУ ТЕТІКТЕРІ

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



### ЖЫЛЫ АЯЛДАМА КӨП БОЛСА...

7-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



### АЙТЫСТЫҢ АҚ ЖАУЫНЫ

11-БЕТ | ӨНЕР

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Арлы адам – ең күшті адам.  
Өйткені ол өткінші бақыттың,  
өткінші қайғының ырқына мойын-  
сынбайды. Сондықтан оның тағдыры  
қиын болуы, ауыр болуы мүмкін,  
өкінішті болуы мүмкін емес.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

”

№147  
(4735)  
Сейсенбі  
10 желтоқсан  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖЕЛТОҚСАН

## МЕРЕКЕГЕ АРНАЛАДЫ

Астанада Тәуелсіздік күніне орай 50-ден астам түрлі мерекелік және ресми іс-шаралар, оның ішінде көрмелер, концерттер, сурет байқаулары, турнирлер мен спартакиадалар өтеді.

14 желтоқсан сағат 10:00-де «Қазанат» ипподромында қалалық жарыстар өтеді.

Сарыарқа ауданы әкімінің аппаратында «Мен өз жетістіктерімді Отаным арнаймын» челленджінің және қалалық, республикалық олимпиаданың жеңімпаздарымен кездесу ұйымдастырылады.

Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияда «Қоңыр үнді аманат» және «Ән салайық бәріміз» мерекелік концерттері өтеді.

15 желтоқсанда М.Горький атындағы орыс драма театры «Әлия» спектаклін ұсынады.

Байқоңыр ауданының көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларының балаларына кинотеатрларға тегін бару, зейнеткерлердің ауласын қардан тазалауға көмектесу және азық-түлік тарату бойынша «Қамқорлық мекенжайы» акциясы өтеді.



Осыдан 27 жыл бұрын, 1997 жылдың 10 желтоқсанында Ақмола қаласы Қазақстанның жаңа астанасы болып жарияланды. Сол кездегі шағын қала бұл күнде адам танымастай өзгеріп, Отанымыздың жүрегіне, тәуелсіздігіміздің тірегіне, бар қазақтың бас қаласы – Астанаға айналды.

5

## АЛАТАУДАН АРҚАҒА КӨШ АУҒАНДА...

### ҚАР ШЫҒАРУДА ТЫНЫМ ЖОҚ

Қыс басталғалы елорданың коммуналдық қызметтері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Осы уақыт ішінде қар полигондарына 70 мыңнан астам рейс қар шығарылды.

Өткен демалыс күндері қала көшелеріне тағы да қалың қар түсті. Қаланың коммуналдық қызметтері 15 мың текше метрден астам қар шығарды, полигондарға 1249 рейс жасалды. Кеше тазалау жұмысына 1,2 мыңнан астам арнайы техника және 2,7 мыңнан аса жол жұмысшысы жұмылдырылды. Бірінші кезекте, ережелерге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін өте қарқынды қозғалыс аймақтары тазартылып жатыр. Жалпы қыс мезгілінің басынан бері елордадан 890 мың текше метрден астам қар шығарылды, бұл 70233 жүк көлігінің көлеміне тең.



Жаңа жыл қарсаңында Астана-Бурабай бағытында мерекелік жүрдек пойыз жүре бастайды.

Vizit Aqmola туристік ақпараттық орталығының дерегі бойынша 6 вагоннан тұратын пойызды 13 желтоқсанда іске қосу көзде-луде. Билет құны – 2,5-3 мың теңге аралығында. Пойыз жаңа жылдық мерекеге сай безендіріледі.

Астана мен Бурабай арасындағы жол ұзақтығы 2,5 сағатты құрайды. Пойыз жолға шығатын күні 6 вагонның бірімен жолаушылар тегін тасымалданады. Жүрдек пойыз 2025 жылдың наурыз айына дейін қатынайды.

### «ЖАСЫЛ КЛУБ» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология акциясы жалғасып жатыр.

Қала мектептерінде «Жасыл клуб» жобасы іске қосылды. Алғаш болып №103 орта мектебіне қойылған қоқыс жәшіктері оқу ордасындағы әр сынып пен дәліздерге орналастырылған. Шыны, қағаз, пластик салатын әртүрлі түстегі және құмыралар мен бөтелкелерді қайта өңдеуге арналған жәшіктер тазалықты сақтауға, бала-

ларға қоршаған ортаны ластамауға үндейді. Қазір «Жасыл клуб» жобасы қаладағы 20 мектепте енгізілді. Жобаның мақсаты – оқушылардың табиғатқа деген құндылық қатынасын қалыптастырып, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша олардың экологиялық сауатын арттыруға ықпал ету. Жоба барлық мектепте іске қосылады.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ІРІ ДЕРЖАВАЛАР  
АРАСЫНДА  
ЫМЫРАЛАСТЫҚ  
БОЛУЫ КЕРЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Доха форумының ашылу салтанатына мәртебелі мейман ретінде қатысты. 2003 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан халықаралық жиын биыл «Диалог, дипломатия және алуантүрлілік» (Diplomacy, Dialogue and Diversity) тақырыбына арналды. Қатар астанасындағы айтулы іс-шарада геосаясат, экономикалық даму, жаңа технологиялар, жасанды интеллект, энергетика және азық-түлік қауіпсіздігі секілді өзекті мәселелер талқыланды. Сондай-ақ қазіргі заманның негізгі проблемаларын шешуге бағытталған ұсыныс-пікірлер айтылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Newsmaker Interview форматындағы арнайы сессияға қатысып, модератор, CNN журналисі Джулия Чаттерлейдің сұрақтарына жауап берді. Қазақстан Президенті, ең алдымен, БҰҰ-ның тиімді қызметінің маңызы мен орта державалардың уақыт өткен сайын артып келе жатқан рөлі туралы айтты.

«БҰҰ әмбебап ұйым ретінде адамзат үшін өте қажет. Себебі оның баламасы жоқ. Өкінішке қарай, ірі державалар әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты толық сақтай алмай отыр. Ал бүгінгі ахуал көмтеген елді, соның ішінде Қазақстанды да алаңдатады. Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымы реформалауды қажет етеді. Ірі державалар арасында ымыраластық болуы керек деп санаймыз. Олардың келісімге келе алмауы салдарынан Қауіпсіздік Кеңесі тығырыққа тірелді. Қазақстан сияқты орта державалар аймақтық деңгейде, сондай-ақ жаһандық кеңістікте бейбітшілік пен қауіпсіздікті ілгерілетуде өте маңызды рөл атқара алады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әлемдік саудадағы қайшылықтарға қатысты көзқарасын жеткізді.

«Менің ойымша, сауда қақтығыстары, соның ішінде тариф қолдану шаралары оңтайлы шешім емес. Бұл – тым күмәнді саясат. Қазақстан ДСҰ-ға мүше ел ретінде осы маңызды сауда-экономикалық ұйымның барлық нормалары мен ережелерін қатаң сақтайды. Біз кедергілер мен қақтығыстарды қолдамаймыз. Қазақстан әзірге ондай қиындықтарға тап бола қойған жоқ. Өйткені өңірдегі көршілерімізбен және басқа да мемлекеттермен сындарлы әрі өзара тиімді қарым-қатынас ұстанамыз. Сондықтан біздің аймақта осыған ұқсас келеңсіздіктер туындамайды деп ойлаймын. Бұл ретте барлық ірі

ЖАҒАНДАҒЫ АХУАЛ  
ҚАЗАҚСТАНДЫ ДА  
АЛАҢДАТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен аптада Қатар мемлекетіне жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында Президент Доха форумының панельдік сессиясына қатысты. Сондай-ақ Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен және Power International Holding компаниясының иелері Муатаз Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаятпен, Nebras Power компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Нассер Әл-Хаджримен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірінің стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілген екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады. Әңгімелесу барысында банк, телекоммуникация, энергетика, ауыл шаруашылығы және медицина салаларындағы инвестициялық жобаларға қатысты келісімдерді уақытылы әрі сапалы жүзеге асыру мәселесіне ерекше мән берілді. Қазақстан Президенті Қатар бизнесімен бірлескен жобалар екі елдің дамуына септігін тигізетініне сенімді екенін атап өтті.

Өз кезегінде Қатар Әмірі Астана мен Доха арасындағы ынтымақтастық ұзақмерзімді стратегиялық сипат алғанын жеткізді. Сондай-ақ екіжақты сапар барысында қабылданған шешімдерді іске асыру бойынша үкіметтер жүйелі жұмыс атқарып жатқанына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни жоғары деңгейдегі белсенді саяси диалог қазақ-қатар қатынастарын нығайтуға алдағы уақытта да ықпал ететініне назар аударды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ  
ЖОБАЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Power International Holding компаниясының иелері

Муатаз Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаятты қабылдады. Әңгімелесу барысында елімізде энергетика, телекоммуникация салаларындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру барысы қарастырылды.

Power International Holding (PIH) компаниясы Қашағанда газ өңдеу зауыттарын, Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырының екінші желісін, сондай-ақ жаңа компрессор станциясы мен Ақтөбе – Қостанай магистральді газ құбырын салуға қатысады. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жобалар еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосатынына назар аударды.

PIH директорлар кеңесінің төрағасы Муатаз Әл-Хаят қазақ тарапымен телекоммуникация, энергетика салаларындағы инвестициялық жобалар бойынша түбегейлі келісімге келгенін айтып, аталған бағыттағы жұмысты жүзеге асыру жоспарын таныстырды.

Сонымен қатар компания қазір Қызылорда облысында бу-газ қондырғысын салу және облысаралық электр желілерін тарту жобалары бойынша келіссөз жүргізіп жатыр. Бұдан бөлек, Қатар конгломератының басшылары жасанды интеллект бағытында бірлескен бастамаларды қолға алуға дайын екенін мәлімдеді. Мемлекет басшысы Қазақстан Үкіметі тарапынан қатарлық инвесторға қолайлы жағдай жасалатынын растап, барлық жұмысты жоғары стандарттарға сай нәтижелі орындаудың маңызын атап өтті.

СЕМЕЙ ГЭС-ін  
ҚАТАРЛЫҚТАР САЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Nebras Power компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Нассер Әл-Хаджриді қабылдады. Кездесуде жаңартылатын энергия көздері саласындағы инвестициялық ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев тауда Nebras Power компаниясы мен «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының арасында Семей ГЭС-інің құрылысына қатысты келісімге қол қойылғанын құптады. Станцияның қуаттылығы 300 мегаватт болады. Президент бұл жобаның Астана мен Доханың ұзақмерзімді стратегиялық серіктестігін нығайтудағы рөлін жоғары бағалады. Аталған бастаманы табысты жүзеге асыру үшін Қазақстан Үкіметінің жан-жақты қолдау көрсететінін растады. Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз 2030 жылға қарай энергия балансындағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесін 15 пайызға дейін арттыруға ниетті.

Өз кезегінде Мұхаммед Нассер Әл-Хаджри Қасым-Жомарт Тоқаевқа бірлескен жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері жөнінде мәлімет беріп, «жасыл» энергетика саласындағы Қазақстанның әлеуеті зор екенін айтты.



державаларды мұндай қысым көрсету тетіктерін қолданбауға шақырамыз» деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның сыртқы саясатына, Украина мен Таяу Шығыстағы жағдайды реттеуге қатысты қойылған сауалдарға жауап берді. Сондай-ақ ел да-

муындағы жастардың рөліне тоқталды.

ҰЗАҚМЕРЗІМДІ  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар

Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен кездесті. Мемлекет басшысы Доха форумына шақырғаны үшін шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәниге алғыс айтып, аталған жиын әлемдегі өзекті проблемалар бойынша ашық пікір алмасуға мүмкіндік беретін бірегей диалог алаңы екенін айтты.





## ҰОК БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкинді қабылдады. Президентке Ұлттық олимпиада комитетінің атқарған жұмысы және алдағы кезеңге арналған жоспары туралы мәлімет берілді.

Геннадий Головкин спорт инфрақұрылымын жақсарту, қазақстандық спортшылардың тыңғылықты даярлау, еліміздің халықаралық аренадағы беделін көтеру жөнінде салалық министрлікпен бірге қабылданған шаралар туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰОК алдында олимпиадалық спорт түрлерін ілгерілету мен күшейту бойынша маңызды міндеттер тұрғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, құрама командаларымыздың әлемдік бәсекелердегі

нәтижелерін арттыра түсу қажет. Мемлекет басшысы Геннадий Головкинді Халықаралық бокс федерациясы (World Boxing) Олимпиада комиссиясының төрағасы болып тағайындалуымен құттықтады.

## ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР БАРЫСЫ САРАЛАНДЫ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Young Researchers Alliance қауымдастығы ұйымдастырған жас зерттеушілер форумында сөз сөйледі.



Палата спикері өз сөзінде форумға қатысушыларға ілтипат білдіріп, Қазақстан үшін ғылымды және ғылымға негізделген экономиканы дамыту стратегиялық маңызға ие екенін айтты. Жалпы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жас ғалымдарды жүйелі қолдауға және отандық ғылымның әлеуетін арттыруға әрдайым баса мән беріп келеді.

Мәулен Әшімбаев бұл бағытта жас ғалымдарға өз әлеуетін іске асыруға үлкен қолдау көрсетіп отырған альянстың жұмысына назар аударды. Сондай-ақ ол бірлестік қазақстандық зерттеушілердің ғылыми-зерттеу жобаларына бағыт-бағдар беріп, оларды дәріптеуге үлкен үлес қосып келе жатқанын атап өтті және осы бағытта атқарған жұмыспен қол жеткізген жетістіктерге назар аударды.

«Әділетті Қазақстанда ғылым, инновация және жаңа технология елдің орнықты дамуының негізі ретінде қарастырылады. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Ғылым және технологиялар жөніндегі

ұлттық кеңестің құрылуы – соның жарқын көрінісі. Кеңес ғылыми және технологиялық даму саласында тиімді, стратегиялық маңызды шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді. Ұлттық ғылым академиясының институционалдық рөлі де айтарлықтай нығайды. Алдағы уақытта бұл институт ғылыми қоғамдастық табан тірейтін маңызды негізге айналуға тиіс. Соңғы 4 жылда Қазақстанда ғылымды қаржыландыру үш еседен астам өсіп, 80 млрд теңгеден 250 млрд теңгеге жетті» деп Мәулен Әшімбаев осы салада Парламент Сенаты жүзеге асырған заңнамалық реформаларға тоқталып өтті.

Сенат төрағасы атап өткендей, ғылым ұлттық стратегиялық мақсаттармен және бәсекелестік артықшылықтармен тығыз интеграцияланып, үндесуге тиіс. Палата спикері өз сөзінде Парламент пен ғылыми қоғамдастықтың алдағы бірлескен жұмысының негізгі бағыттарын да тілге тиек етті.

«Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, аграрлық

ғылымды дамытудың маңызы зор. Сондай-ақ табиғи байлығымызды сақтауға және оны тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін терең зерттеулер, инновациялық тәсілдер және технологиялар қажет. Химия, мұнай-газ химиясы, ғарыш ғылымы сияқты салаларды іске асыруға ықпал етуге тиіс» деді Палата төрағасы.

Сонымен қатар форум барысында ғалымдар мен сарапшылар ғылым саласындағы өзекті мәселелер мен проблемаларды кеңінен талқылап, сындарлы диалог құрды. Соның нәтижесінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы аясындағы ортақ міндеттер айқындалды.

## ТУРИЗМНЕН 224 МЛРД ТЕҢГЕ КІРІС КІРДІ

2024 жыл Қазақстан туризмі үшін айтулы жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде туризм саласын жаңғыртуға, оның бәсекеге қабілетін арттыруға және жаһандық экономикаға кірігуге бағытталған жүйелі шаралар кешені жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік қолдаудың, инвестиция тарту мен халықаралық аренада ілгерілетудің арқасында еліміз экономикалық өсу мен мәдениетаралық өзара іс-қимылдың маңызды қозғаушы күшіне айналып отырған туризм саласындағы оң нәтижелер көрсетіп отыр.

Еліміздің туризм саласы тұрақты түрде дамып келеді. 2024 жылдың 9 айында ішкі туристер саны 562 мыңға артып, 6 млн адамға жетті. Шетелден келетін туристер легі 11,5 млн адамды құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда екі есеге жуық көп. Оның ішінде шетелдік 969 мың турист орналастыру орындарына жайғасты. Бұл көрсеткіштер қабылданып жатқан шаралардың тиімділігі мен туристік бағыт ретінде Қазақстанға қызығушылықтың артып келе жатқанын айғақтайды.

Саланың экономикалық көрсеткіштері де айтарлықтай өсім көрсетіп отыр. Орналастыру нысандарының жалпы кірісі 27%-ға өсіп, 224 млрд теңгені құрады. Орналастыру нысандарының саны 306 бірлікке өсіп, 4315-ке жетті, ал олардың сыйымдылығы 18 мың төсек-орынға дейін артып, 226 мыңды құрады. Бұл Қазақстанның ішкі және халықаралық туристерді қабылдауға дайындығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Туризмге салынған инвестиция көлемі қарқынды өсіп келеді. 2024 жылдың 10 айында олардың көлемі 33,6%-ға артып, 668,1 млрд теңгені құрады. Негізгі жобалар қатарында алдын ала құны 194 млрд теңгені құрайтын Астана туристік ауданы бар, ол 2 мыңға жуық жұмыс орнын ашып, толық іске қосылғанда жыл сайын 10 млрд теңге салық аударымдарын түсіреді. Жобаның аяқталуы 2026 жылға жоспарланған. Екінші жоба – Маңғыстау облысындағы Каспий Ривьерасы, онда ҚР Премьер-министрінің қатысуымен туризм бойынша халықаралық ауқымды форум өтті. Жоба жағажай демалыс орны, гольф қонақ үйі, вилла-

лар кешені, аквапарк және ойын-сауық орталығы сияқты бірнеше бастама аясында «Жылы жағажай» аумағын кешенді игеруді қамтиды. Жобаның жалпы бағалау құны 137,4 млрд теңгені құрайды, ал жоспарланған іске асыру мерзімі – 2024-2026 жылдар.

Елімізде туризм саласын мемлекеттік қолдау күшейді. Биыл мемлекеттік қолдауға мақұлданған өтінімдер көлемі 3 есеге арты. Тек 2024 жылдың өзінде 37 туристік нысан мен 6 туристер тасымалдайтын автобуска 2,1 млрд теңге

Астанада өтуі халықаралық аренада маңызды оқиғаға айналды. Ойындарға 89 елден 2700 қатысушы жиналды. «Астана Арена» және «Қазанат» ипподромы сияқты спорт нысандарын қайта жаңарту қаланың инфрақұрылымын жақсартты.

Сондай-ақ Қазақстан ауылдық туризмді дамытқаны үшін марапаттарға ие болды: Саты ауылы Best Tourism Village Award жүлдесін алды, ал Қатонқарағай ауданының жобасы ITB Berlin 2024 көрмесінде үшінші



мақұлданды. Халықаралық ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөлінеді. 2024 жылды Қытайдағы қазақстандық туризм жылы деп жариялау Қазақстанды ілгерілету үшін маңызды қадам болды. Қытайдың ірі қалаларында 30-дан астам іс-шара өтті.

18 қарашада Қазақстан «цифрлы» көшпенділерге арналған Neo Nomad Visa енгізді, бұл елімізді қашықтан жұмыс істейтін саяхатшылардың жаңа буыны үшін тартымды етеді. Прогресс халықаралық рейтингте де көрініс тапты: Қазақстан 2019 жылғы 80-орыннан позициясын жақсартып, 119 елдің ішінде 52-орынға көтерілді. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының

орын иеленді. 2024 жылдың соңына дейін жалпы құны 120,4 млрд теңгені құрайтын 119 инвестициялық жобаны аяқтау жоспарланып отыр, бұл 1319 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Негізгі бастамалар қатарына Түркістандағы «Medina Palace» қонақ үйінің құрылысы мен жаңа қонақ үй нысандарын қосу арқылы «Ақсу-Жабағылы» шипажайын жаңғырту кіреді. Қазақстан мәдени бай мұраны, табиғи әртүрлілікті және заманауи инфрақұрылымдық шешімдерді үйлестіре отырып, саяхат үшін ең тартымды бағыттардың бірі ретінде өзінің имиджін қалыптастыруды жалғастырып келеді.

## САПАСЫЗ БІЛІМ БЕРЕТІН УНИВЕРСИТЕТ ЖАБЫЛАДЫ

Ғылым және жоғары білім министрлігі жекеменшік жоғары оқу орындарындағы білім сапасына қатысты кемшіліктер анықталғанын мәлім етті.

«Министрлік сапасыз білім беретін жоғары оқу орындарын қысқарту бойынша жұмысты жалғастырып жатыр. Жалпы бақылау шараларынан профилактикалық шараларға назар аударылып отыр. Бұл өз кезегінде Мемлекет басшысының 2020 жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасын орындау аясында «таза парақтан» жаңа реттеушілік саясатының тәсілдеріне сәйкес келеді. Тексеруден профилактикалық шараларға өту, тәуекелдерді басқару және бағалау жүйесін автоматтан-

дыру, тексерулер үшін жоғары оқу орындарының тізімі мен кестесін адамның қатысуынсыз қалыптастыру министрлікке 2024 жылдан бастап тек проблемалық жоғары оқу орындарына назар аударуға мүмкіндік береді» делінген Ғылым министрлігінің отандық БАҚ-қа берген жауабында.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылған «таза парақтан реттеу» саясаты аясында «Smart Data Ukime» ақпараттық жүйесінде автоматты режимде қалып-

тастырылған мемлекеттік бақылау тізімінде 13 жоғары оқу орнына қатысты мемлекеттік бақылау өткізілді. Соның нәтижесінде білім беру қызметінде талаптарды бұзу деректері анықталды.

«Білім беру саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін ЖОО-ларға қатысты кадрларды даярлаудың 16 бағыты бойынша лицензияға қосымшалардан айыра отырып, әкімшілік айыппұл түрінде әкімшілік жазалау шаралары қабылданды» деп нақтылады ведомство.

№147 (4735) 10/12/2024 Сейсенбі

## МЕДИЦИНА МАЙТАЛМАНЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ

Астана қалалық мәслихатында ел медицинасының дамуына зор үлес қосқан тұлға Балхия Сүлейменованың 75 жылдығына орай жиын өтті. Медицина ғылымдарының кандидаты, көптеген оқу және әдістемелік құралдардың авторы Астана қаласы мәслихатының I сайланым депутаты ретінде де қоғамдық істерге араласқан.



Балхия Абдулбахиқызы 2000 жылдан бері ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты медициналық көмек көрсету орталығында штаттан тыс маман ретінде еңбек етті.

«Мерейтой иесі еліміздің денсаулық сақтау саласындағы үздік жетістіктері үшін жоғары бағаланып, көптеген марапатқа ие болды, соның ішінде «ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі, «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісі бар. Депутаттар, әріптестері, серіктестері мен шәкірттері мерейтой иесін құттықтап, мол бақыт, мықты денсаулық пен ұзақ ғұмыр тіледі. Қалыптасқан жақсы дәстүр бойынша Балхия Абдулбахиқызына шапан сыйға тартылды» деді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Бүгінгі таңда Балхия Абдулбахиқызы педагогикалық қызметін жалғастырып, елордамыздың өміріне белсене қатыса отырып, жас ұрпақ үшін өнегелі тұлға болып еңбек етуде.



## МАҚСАТ – ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTY

Шамамен бір жыл бұрын елорданың жаңа бас жоспары бекітілді. Стратегиялық құжат елорданың 2035 жылға дейінгі қала құрылысы дамуының негізгі бағыттарын айқындайды.

«Қазіргі уақытта қалалық ортаны жаңғыртуға бағытталған реновация бағдарламасы іске қосылды. Бас жоспарға сәйкес, Байқоңыр ауданында 5200 орынға арналған 3 мектептің, 2600 орынға арналған 11 балабақшаның және 2 Оқушылар сарайының құрылысы жоспарланған. Бас жоспарда қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға ерекше назар аударылады.

Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасына «Астанагенпланмен» бірлесіп, әр ауданға арналған 6 карта әзірлеуді тапсыр-

дым. Бұл карталарда «қызыл сызық» аймақтары, басқармалар мен аудан әкімдіктері аппараттарының жол жөндеу саласындағы жауапкершілік шекаралары көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар апаттық жағдайдағы үйлерді қамтитын карталарды дайындау қажет. Жаяу жүргіншілер жолдарының астына инженерлік желілерді жобалау және орналастыру бойынша нормативтік құжаттарды жаңарту міндеті қойылды» деп жазды Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

## КЕҢ ДАЛА КӨШЕСІНЕ ГАЗ КЕЛДІ

Сарыарқа ауданының Кең дала көшесі, 6 және 8 мекенжайлары бойынша аз қабатты үйлер газдандырылды. Астана қаласы Энергетика басқармасының мәліметінше, жобада бұған дейін газдандырылмаған 137 абонентті қамтитын 30 көше ескерілген. Газ тарату желілерінің құрылысы толығымен аяқталды.



Мердігер компанияның өкілі Әсет Сүлейменовтің айтуынша, құрылыс-монтаж жұмысы қатаң техникалық қадағалаумен өтті. Барлық жұмыс белгіленген мерзімде аяқталды.

Бұған дейін әкімдік газдандырудың екі кезегінің құрылысын аяқтады, бұл Сарыарқа ауданындағы Көктал-1, Көктал-2 тұрғын алаптары мен Агроқалашық және Потанин көшесі ауданындағы қаланың ескі бөлігін, Алматы ауданындағы Теміржолжылар, Промышленный елді мекендері мен Оңтүстік-шығыс шағын ауданының оң және сол жағын, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный, сондай-ақ Ақбидай, Қазақ ауыл шағын аудандарын, Есіл ауданындағы «Vela Village», «Куршавель», «Family Town», «Family Park» тұрғын үй кешендерін және Нұра ауданындағы «Будапешт», «Космик Сити» тұрғын үй кешендерін қамтыды. Сондай-ақ Астанадағы «Тұран», Тельман, Оңтүстік-шығыс және Үркер, Пригородный, «Family Village», Өндіріс, Кирпичный газ жылыту станцияларына газ жеткізу желілерінің құрылысы аяқталды.

Қазіргі кезде көгілдір отын Кең дала көшесі, 6 және 8 мекенжайларына келе бастады. Жыл соңына дейін қалған абоненттер үшін газ іске қосылады деп жоспарланып отыр.

## ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Бас қалада қанатқақты режимде дамуында бұзылу қаупі бар немесе дамуында ерекшеліктері бар балалары бар отбасыларды ерте қолдау қызметі іске қосылды. 3 жасқа дейінгі балалары бар отбасылар қызмет мамандарына жазыла алады. Ата-аналарды оқытуға баса назар аударылады.

Ерте қолдау қызметі «Мүмкіндіктер уақыты» жобасы аясында «Дара» қоры ашты. Егер бала қатарластарына қарағанда моториканы баяу меңгерсе, сөйлеу дамуында артта қалса, агрессия көрсетсе немесе үнемі жыласа, сондай-ақ ұйқысы мен тәбеті бұзылса, ата-аналарға ерте қолдау қызметіне жүгіну қажет болады. Егер ата-ананы бірнәрсеге алаңдатыса және олар баласының даму ерекшеліктерін жақсы түсінгісі келсе, оларға қызмет мамандары көмектеседі.

Мұндағы мамандар ата-аналарға баласын өмірінің алғашқы кезеңдерінде функционалды түрде дамытуға үйретеді. Олар қай бағытта қиындықтар болғанына байланысты қызметтерді таңдайды. Бұл қоршаған ортаны білу, қарым-қатынас жасау, еңбектеу немесе серуендеу дағдылары, сондай-ақ тамақтану, қол жуу және т. б. сияқты дағдылар болуы мүмкін.

Елорданың екі психологиялық педагогикалық түзету кабинетінің базасында ашылған орталықта отбасыларды кешенді қолдау үшін 3 орын ұйымдастырылған: дамыту аймағы – балалар үшін, кеңес беру аймағы – ата-аналар үшін және жұмыс аймағы – маман үшін. Отбасыларға барлық көмек тегін көрсетіледі. Астана қаласының №1 және №2 түзету кабинеттерінің мәліметтері бойынша қазір елордада 200-ден астам отбасы ерте қолдау мамандарының көмегіне мұқтаж.

Ерте қолдау қызметі отбасыларды мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: №1 психологиялық педагогикалық түзету кабинеті: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 22/1, тел. +7 (7172) 27-19-49; №2 психологиялық педагогикалық түзету кабинеті: Астана қаласы, Ш.Айтматов көшесі, 41А, 1-блок, тел. +7 (7172) 34-61-57.

## ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ТІРШІЛІК

Елордадағы Достық үйінде «Зорлық-зомбылықсыз өмір» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шарада еліміздің мемлекеттік органдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, олардың құқығын қорғау және қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.



– Мемлекет тарапынан зорлық-зомбылыққа қарсы күресті арттыру үшін маңызды шаралар қолға алынды. Біріншіден, құқық қорғау органдарының жұмысы күшейді. Полиция қызметі зорлық-зомбылық туралы әрбір хабарламаны қатаң тексеріп, іс-шараларды уақытында қабылдайды. Соның ішінде сот шешімін шығару, жәбірленушіні қауіпсіз жерге орналастыру, полицияның тұрақты бақылауымен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Екіншіден, зорлық-зомбылық құрбандарына психологиялық және құқықтық көмек көрсету мақсатында арнайы дағдарыс орталықтары мен кеңес беру пункттері іске қосылды. Бұл орталықтар жәбірленушіге медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетіп, уақытша баспанамен қамтиды, – деді Астана қаласы бойынша адам

құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі Баян Жалмағанбетова.

Қаладағы зорлық-зомбылық түрлері және олармен күресу жолдары туралы Астана қаласы Есіл ауданы полиция басқармасының инспекторы Жанар Молдабаева айтты. Оның сөзінше, құзырлы органның бұл бағытта атқарып жатқан жұмыстарына қарамастан, соңғы 3 жылда отбасында қылмыс көрсеткіші өсіп отыр.

Биылғы 11 айдың қорытындысы бойынша 102 арнасына отбасындағы жанжал, күш көрсету жөнінде азаматтардан 8606 шағым түскен. Отбасылық-тұрмыстық қылмыстың өршу себебінің бірі – алкогольдік ішімдік. Бұл тарапта алкогольдік өнімдерді түнгі уақытта сатуды шектеу, қоғамдық орындарда мас күйінде жүруге тыйым салу сияқты алдын алу іс-шаралары

қолға алынууда. Сондай-ақ араққұмарлық пен есірткіқұмарлықтан күштеп емдеуге басымдық беріп отырмыз. Отбасылық-тұрмыстық қылмыстың алдын алуға пәтер иелері кооперативі мен тұрғындар да тартылып жатыр.

– Көбіне әйелдер қорлық көріп жүргенін соңына дейін айтпайды. Басындағы жағдайын полициядан жасырып жүре береді. Апталап, айлап шыдауы мүмкін, бірақ кей жағдайда мұның арты қайғылы оқиғамен аяқталуы ықтимал. Бұл тарапта біз үкіметтік емес ұйымдарды ортақ іске тарта отырып, жәбірленушілерге психологиялық жәрдем көрсету үшін іс-шаралар өткіземіз. Сондай-ақ жергілікті полициялардың жұмысы жіті қадағаланып отыр, – деді Жанар Молдабаева.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

10 желтоқсан датасы елорда тарихында ерекше орын алады. 1997 жылы осы күні Алатау баурайынан Арқа төсіне жаңа астана бар сән-салтанатымен көшіп келді. Сол күннен бастап ресми түрде Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Бүгін бұл тарихи сәтке 27 жыл толып отыр.

**С**ол уақыттағы Ақмола мен қазіргі Астана шаһары арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Бұрын 300 мыңға жуық тұрғыны болған қала халқының саны бүгінде 1,5 миллион адамға жуықтады. Елорданың сәулетіне сай дәулеті қалыптасты.

Арқа бұрылып қарасақ, сол бір тарихи сәттің ең бір маңызды, көркем көрінісі Президентке бір топ ақсақалдың жаңа астананың кілтін тапсыру салтанаты мен бата беруі болды. Олардың арасында белгілі ақын, жазушы-публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрғожа Ораз да болды.

«Біз сияқты үлкендердің көпшілігі қасиетті қара шаңырақтан кем емес елтаңбаның бейнесін көріп, әрбір естіген сайын жүрек толқытатын мемлекетіміздің әнұраны орындалып, қасиетті көк туымыз желбіреп, жоғары көтеріле бастағанда, көз жасына ие бола алмай қалды. Сол сәтте Қазақстан атты қайратты еліміздің қуат күшіндей гүрсілдеген зеңбірек дауысы салтанат сәнін биіктетумен бірге, қуаныштан босап бара жатқан біздің де бойымызды ширатып, аспанда желбіреген желек туымызға қарап көз тіктік» деп жазды кейін бұл тарихи оқиғаны еске алған қаламгер. Иә, сол оқиға талайдың жүрегін толқытқан болар...

Астананың көшіп келуі сол кездегі Ақмоланың ғана емес, біртұтас еліміздің дамуына серпін берді.

«Астана бүгінде тек Қазақстанның жүрегі ғана емес, армандар орындалатын қала, жастар мекені, білім мен инновация ордасына айналды. Астананы көшірудегі ең басты мақсаттың бірі – Қазақстанды геосаяси жағынан нығайту. Өйткені Астана Еуропа мен Азияның дәл шеткескен нүктесінде, бір сөзбен айтқанда, Еуразия құрлығының нақ ортасында орналасқан. Алыс-жақын шет мемлекеттермен өзара тығыз халықаралық қарым-қатынас қалыптастыруға жол ашылатыны сол уақытта баса айтылған. Қазақстанның қазіргі жағдайына қарап бұл мақсаттың да мүлтіксіз жүзеге асқанын анық бағамдай аламыз» дейді Астана қаласы мәслихатының депутаты Кендебай Адамбек.

Бас шаһар көшірілгеннен кейін заманауи сәулеті мен инфрақұрылымы арқылы ерекше қарқынмен дамыды.

«Мұнда Назарбаев университеті, Astana IT University сияқты халықаралық деңгейдегі білім ошақтары мен ғылыми зерттеу орталықтары ашылды. Бүгінде инновациялық жобалар мен стартаптарға қолдау көрсету мақсатында қалада бірнеше технопарк пен креативті хаб жұмыс істейді. Астана – әр адамның арманын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ерекше қала. Қаланың дамуы барысында



## АЛАТАУДАН АРҚАҒА КӨШ АУҒАН КҮН

«Бәйтерек» монументі, «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы, Бейбітшілік және келісім сарайы сияқты нысандар ел мақтанышына айналды. Бұл ғимараттар тек сәулет өнерінің үлгісі ғана емес, жастарға жаңа идея мен шабыт сыйлайтын орын саналады» дейді Кендебай Сарыбайұлы.

Бүгінде әсем де жас қала – түрлі ұлт

қасиетті мемлекет идеологиясының киелі ұғымына ие болды» дейді қалалық мәслихат депутаты.

Астананы көшірудің мән-маңызы туралы саяси ғылымдар докторы, профессор, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының директоры, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің

«Алғашқы астаналықтар» бірлестігінің төрағасы, Астана қаласы әкімдігінің тұңғыш баспасөз хатшысы Сәдібек Түгел – елорда іргесі қалануының куәгерінің бірі.

«Шын мәнінде, XX ғасыр мен XXI ғасыр тоғысында туған еліміздің абыройын асқақтатқан, ұлт өмірінде өте сирек кездесетін тарихи оқиға орын

«Шетелдіктер Астанаға қарап елімізді таниды. Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек бастаған шаһар басшылығы қолдан келген шараларды жүзеге асырып, қаланы таза ұстап, жарқыратып, жайнатып келеді. Оған біз күнде куә болып, Астанаға ерекше үлес қосып келе жатқан азаматтарға зор алғыс білдіреміз. Аз да болса азығы мол, жемісі көп 27 жылдың ішінде Астана беделі мен қуаты асқан, әлемге өз үлесін қосқан жасампаз қалаға айналды. Осы орайда айтарымыз, қаланың таза, көркем, әсем болуы сол қалада тұратын әрбір тұрғынға тікелей байланысты. Заманында халқымыздың ғұлама перзенті әл-Фараби былай деген: «Адам сияқты шаһардың да тамырын жалғаған қаны, бойына біткен жаны болады. Тек оның тәнін тірі қылатын да, шаруасын ірі қылатын да – шаһар халқы». Күн сайын көркейіп, өсіп, өркендеп келе жатқан Астананың дамуына өз үлесімізді аямай қосайық. Ең алдымен, қала басшылығының қарқынды жұмысына қолдау көрсетіп, Астананың тазалығына атсалысу – «астаналық» деген жоғары атаққа нұқсан келтірмеу. Бір сөзбен түйіндесек, сүйікті қаламыз Астананың өркендеуіне жұмыла атсалысайық, Астананың абыройы – мемлекетіміздің абыройы!» дейді Сәдібек Түгел.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ,  
Сабина КӘКІМЖАН  
Зарина СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ**



пен мәдениеттің басын біріктірген бейбітшілік пен келісімнің символы. Мұнда халықаралық деңгейдегі жиындар, форумдар мен іс-шаралар тұрақты түрде өтеді.

«Бұл қала Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуразияның саяси, экономикалық және мәдени орталығы екенін дәлелдейді. Бұдан былай және ғасырдан-ғасырға осында – ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өмірлік маңызы бар шешімдер қабылданады. Отанымыздың жүрегі енді осы жерде соғады. Бас қаламыз тәуелсіз еліміздің шынайы бет-бейнесіне, халқымыздың мақтанышына,

төрағасы, Ұлттық құрылтай мүшесі Зулфухар Ғайыпов та пікірін айтты.

«Астанамыздың Арқа төріне көшкеніне ширек ғасырдан асты. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде қабылданған бұл маңызды шешімге алғашында бұқараның үрке қарағаны ешкімге жасырын емес. Жаңадан егемендік алып, бұрынғы одақтық байланыс үзіліп, экономика шатқаяқтап тұрғанда, бұл бір қате қадамдай көрінген еді. Бүгінде ел астанасын орталыққа көшіргеніміз дұрыс шешім болғанын уақыт дәлелдеп берді және бұл өзгерісті жалпы қазақ елі дұрыс бағалады. Дана бабаларымыздан қалған «Елге ел қосылса – құт» деген қанатты сөз бар. Осы нақылсөз, шын мәнінде, қазақтың басына құт пен береке болып Астанамыздан көрініс тапты» дейді Зулфухар Ғайыпов.

Оның пікірінше, Астана бүкіл Орталық Азияның мақтанышына айналды.

«Қысқа мерзімде елордамыз сан жағынан ғана өсіп қоймай, сапа жағынан да өзгерді. Астанада қаншама мәдениет ошағы, жаңа оқу орны ашылды. Қаланың заманауи сәулеті, дамыған инфрақұрылымы және халықаралық деңгейдегі ірі шараларды ұйымдастыруы оның халықаралық аренадағы мәртебесін арттыра түсті. Елордамыздың дамуы – халқымыздың бірлігі мен жарқын болашаққа деген сенімінің дәлелі. Астана халқымыздың құт мекеніне айналды» дейді Қоғамдық кеңес төрағасы.

алды. Ол – қазақтың кең жазира даласы Сарыарқаның нақ төсінде теңдесі жоқ, таңғажайып жаңа шаһар – Астана қаласының салынуы. Бүгін Астананы бүкіл әлем танып, мойындады. Астана – дүние жүзіндегі ең сәулетті қалалардың біріне, қазақстандықтардың басты мақтанышына айналды. Ол, ең алдымен, дана халқымыздың ерлігі әрі көрегендігі» дейді Сәдібек Түгел.

Оның пікірінше, Астана тұрғыны болу үлкен жауапкершілікті талап етеді.



# ТҰРҒЫН ҮЙДІ БАСҚАРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ ҚАНДАЙ?



Көппәтерлі тұрғын үй иелерімен түсінісіп жұмыс істеу оңай шаруа емес. Соған қарамастан үй басқарудың тетіктерін меңгеріп, тіпті ең талапшыл көршілердің үдесінен шығып, халықтан алғыс алып жүрген қаладағы үздік үй басқарушының бірі – Динара Орынбаева. Ол көп жылдан бері Есілдің сол жағалауындағы Paris, Bucharest, MaxRoyal, Manhattan-3, Luxembourg тұрғын үй кешендерін басқарумен айналысып келеді. Кездесіп, әңгімелескенімізде, үздік басқарушы саладағы жұмыстың құпиясымен және алдағы жоспарымен бөлісті.



## – Үй басқарушысы болу – үлкен жауапкершілік. Айтыңызшы, сіз бұл салаға қалай келдіңіз?

– Өзіміз тұрып жатқан үйде тәртіп орнату туралы ой маған көп уақыт маза бермегені рас. Ақыры мен ПИК-тің төрағасы болып сайландым. Бұрын бұл үйге қызмет көрсеткен ұйым жұмысты толық жүргізбегендіктен, құрылыс салушымен арада шешілмеген мәселе көп болды. Уақыт босқа өтіп жатты, қордаланған проблемаларды шешу үшін үй иелерінің басқармасын құруды қолға алдық. Сөйтіп, мен үй басқару саласына келдім. Бірінші мақсат құрылыс салушының барлық кепілдік міндеттемесін орындау болды. Бұл ретте көптеген келіссөз жүргізуге тура келді, сол арқылы біз халыққа заң бойынша белгілі бір шарттардың орындалмағанын түсіндірдік және дәлелдедік. Әкімдік өкілдерімен бірлесіп өзіміз тұрып жатқан үйге ғана емес, аумақты абаттандыруға да қатысты мәселелерді жүзеге асыруға кірістік. Жалпы әркім өз міндетін жауапкершілікпен орындаса, үйді басқару аса қиын шаруа емес. Бұл міндеттерді шешу бағытында біз әлі де жұмыс істеп жатырмыз.

## – Үй басқаруда қандай тәжірибеңізбен бөлісе аласыз?

– Биыл шағын бизнес-класстағы бір үйді абаттандырдық. Бұл – осы жылдағы табысты жобаның бірі. Ойын алаңын жаңарту үшін мақсатты қаражат жинау қажет

болды. Тұрғындарға шағын сәулет нысандарын ауыстыру, орындықтар мен тренажерлерді орнату үшін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын пайдалану туралы ұсыныс білдірдік. Алайда көптеген адам оған күмәнмен қарады. Дегенмен абаттандыру бойынша идеясын ұсынып, маған сенім артқандар да болды. Бағдарлама нәтижесінде 8 аула қаржыландырылды. Жазда баскетбол алаңы пайда болды, автотұрақтар мен орындықтар қосылып, аумақтар толығымен өзгерді.

## – Жұмыс барысында күйзелістермен қалай күресесіз?

– Иә, тұрғын үйді басқару оңай шаруа емес, мойындаймын, әсіресе алғашқы жылдары жұмыс істеу қиын. Бірақ мен жолы болғыш жанмын, өйткені жанымда әрқашан көмектесуге және қолдауға дайын адамдар жүреді. Олар маған кеңес беріп, тәжірибелерімен бөлісті, бұл мені жігерлендірді. Сондай-ақ мен шыдамды адаммын, істің байыбына бармайынша шешім шығармаймын, сабыр сақтаймын. Тіпті тұрғындармен түрлі түсініспеушілік туындаған кезде маған көмектескен тағы бір тәсіл – би. Бүкіл денеңді босатып би билеу бойдағы алаңдаушылықтан арылтып, ой-түйсігіңді толығымен тазалауға мүмкіндік береді.

Біздің тұрғындармен ортақ чатымыз бар. Онда жеке, отбасы проблемаларынан тыс, тұрғын үйге қатысты ең күрделі

мәселелерді бірлесіп шешеміз. Жұмыс барысында мен тұрғындардың пікіріне құлақ асамын, бірде-бір ескертпені аяқсыз қалдырмаймын, әр мәселені байыппен тыңдап, біліп, есеп беруге дайынмын.

## – Сіз өз жұмысыңызда қандай дағдыларды маңызды деп санайсыз және қандай қасиеттерді дамытқыңыз келеді?

– Ең бастысы – уақытты ұтымды пайдалану. Менің ойымша, кез келген басшы үшін бұл маңызды болуы керек. Әркім өз жұмысына жауапкершілікпен қараса, жұмыс істеу де оңайырақ болады. Бізде барлық тапсырма алдын ала жазылады, әркім өз міндетін, мерзімін және өзі жауап беретін нысанды біледі. Сонымен қатар мамандардың жұмыс барысында сапаға барынша мән беруін талап етеміз. Сондықтан біз кез келген жұмысты уақытылы және ғимараттарға қызмет көрсету ережелеріне сәйкес жүргізіп келеміз.

## – Жұмыс барысында қандай жаңа технологиялар мен әдістерді жиі пайдаланасыз?



– Бұрын электрондық өтінімдерді басқару жүйесін пайдаланбағанбыз, қазір бізде электрондық бақылау жүйесі жұмыс істейді. Бұл ретте мен кейбір тұрғындардың қарсы болғанын білемін, бірақ бүгінде барлық өтінім, орындаушы, мерзім, шолу онлайн режимде жүргізіледі және бұл бақылауды жеңілдетеді. Қазір ол

толық көлемде жұмыс істейді және тұрғындар оған біртіндеп үйреніп келеді. Мен жұмыс барысында үнемі осы тәсілді қолдануға тырысамын.

жыл толуына орай мен елорданың үздік басқарушыларының бірі ретінде арнайы грамотамен марапатталдым. Бұл – бағытмының дұрыс екенін растайтын өте



маңызды көрсеткіш. Әрине, алға қойған жоспар көп. Қалалық меншік иелері бірлестіктерінің арасынан үздік көрінуім жұмысты одан әрі ширатуыма күш берді, жауапкершілікті арттырып, шабыттандырды.

Мен үшін ең бастысы – тұрғындардың сенімі. Мәселе туындаған адамды тыңдаймын, проблема туралы ортақ чағта әңгіме болса, кері байланысқа шығып, қай уақытта және қалай көмектесе алатынымызды нақты айтып отырамын, мүлдем шешілмейтін мәселе болса, мүмкіндігінше себебін түсіндіремін. Мысалы, жақында жолдағы «жасырын» полицейлерге қатысты бір жағдай орын алды. Бұл мәселеге біржақты қарау дұрыс емес, біз жаяу жүргіншілердің де, жүргізушілердің де пікірін ескеріп, өзара ортақ шешімге келдік. Соңында көптеген жүргізуші ризашылығын білдірді және басқарушы компания өкілдері олардың пікірін ескеретінін айтты.

Біз тұрғындардың бос уақытына көп көңіл бөлуге тырыса-

мыз. Бұл бағытта тұрғын үйдің маңында мерекелік іс-шаралар жиі өтеді. Атап айтсақ, балаларға арналған ойындар ұйымдастырып, бейнероликтер түсіреміз, ал биыл аулада киносанстармен тәжірибе жасап, тәттілермен шоу ұйымдастырдық. Спорт іс-шаралары барысында волейбол және үстел футболынан турнирлер ұйымдастырылды, биыл біздің ТКШ командасы ауданаралық футбол турнирінде екінші орынды жеңіп алды. Қарттар үшін біз дастархан жайып, кейде шағын дискотекалар ұйымдастырамыз, бұл тұрғындарға қуаныш сыйлап қана қоймайды, олардың қарым-қатынасын нығайтады. Емін-еркін әңгіме барысында олардың абаттандыру туралы тілегін тыңдаймыз. Үйдің алдына отырғызатын өсімдіктерді бірге таңдаймыз, гүлзарларға бірігіп күтім жасаймыз. Осылайша біз аулада белсенді өмір сүру үшін қолдан келгенін бәрін жасауға тырысамыз.

## – Болашақты қалай елестетесіз?

– Қазіргі кезде білікті басқарушылар айтарлықтай тапшы, әсіресе біздің елордада тұрғын үй-шаруашылық саласын меңгерген мамандар жеткіліксіз. Бүгінде бұл мамандыққа сұраныс артып келеді. Уақытымен жарна төлейтін тұрғындар бұл салада ашықтықтың болғанын, олардың қаражаты қайда, не үшін жұмсалып жатқанын қадағалап отыруды қалайды. Сондықтан мен самсаған сандарды тізіп қана қоймай, оларға бәрін көрнекі түрде көрсету маңызды деп санаймын. Бұл ретте фотосессиятер мен басқа да көрнекі материалдар арқылы ортақ қаражаттың қалай бөлінетінін көрсетуге тырысамын. Өкінішке қарай, бұл тәсілді қаладағы басқарушылардың бәрі бірдей

қолдана бермейді, бірақ мен оның стандартқа айналғанын құптаймын.

Әрине, алға қойған мақсат міндетіміз көп. Осы бағытта жүйелі жұмыс істеу үшін тұрғындармен барынша ашық болу маңызды. Адамдар реформалардың нәтижесін көріп, ақшасының қайда кететінін түсінуі керек.

Қазіргі уақытта тұрғын үйді басқару жүйесінде цифрлық технологияларды енгізу бағытында үлкен өзгеріс байқалуда. Электрондық төлем жүйесі, онлайн-жиналыс, автоматтандырылған басқару жүйесі тұрғындарға қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Тұрғын үйді басқарудың тетіктері тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және көпқабатты үйлердің жағдайын жақсартуға бағытталған. Бұл ретте біз ең алдымен меншік иелерінің мүддесін қорғауды, үйлердің жағдайын сақтауды және жақсартуды жоспарлап отырмыз.

Алина ИМАМБАЕВА,  
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



Шапағат  
ӘБДІР

Алайда аяздан ығып қалатын заман жоқ. Күнделікті күйбең тіршілік пен қаланың қарбаластығы ауа райының қолайсыздығына бола саябырсымайды. Ал халықтың қам-қайғысыз жүруі үшін ең маңызды дүние – ол автобустардың уақтылы жүруі мен аялдамалардың жылылығы. Міне, осы мәселені елорда әкімдігі де басты назарда ұстап отырғаны анық. Қазіргі таңда Астана қаласы бойынша 1 мың 528 аялдама бекеті бар. Оның 1200-ден астамына күту павильоны орнатылған. Соның 275-і жылытылады.

Астана қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының Жол қозғалысы қауіпсіздігі және көлік инфрақұрылымы бөлімінің бас маманы Жәнібек Мақсытовтың айтуынша: бұл аялдамалардың барлығында қолайлы орта қалыптастыру үшін автоматты терморегуляторлар орнатылған. Сонымен қатар, барлық жабық типтегі аялдама павильондарында бейнебақылау камералары бар.

– Қазіргі таңда қала әкімдігі өзіне қарасты басқа да аудандық әкімдіктермен бірлесіп, 2025 жылға арналған жылы павильондар орнату қажеттілігі бойынша мекенжайлық бағдарлама әзірлеуде. Сонымен қатар бұл аялдама павильондары бүлінген жағдайда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жыл бойы жүргізіліп отырады. Құрылыс кезінде әлеуметтік маңызы бар нысандардың (білім беру мекемелері, денсаулық сақтау ұйымдары және т.б.) болуы және жолаушылар ағыны талданады, – дейді Жәнібек Ерланұлы.

## АЯЛДАМА ІШІ ТАЗА МА?

Адам жүрген жер ластанбай тұрмайды. Ал жылы аялдамалардың техникалық құрылымынан бөлек, тазалық жұмыстарына мән беруде аса маңызды. Біз тұрғындар көп жүретін бірнеше аялдамаларға барып көрдік. Мысалы, Кенесары көшесі аялдамасының ішіндегі шағын дүкен әлі жұмысын бастамаған

ЖЫЛЫ АЯЛДАМА  
КӨП БОЛСА...

«Қыстың қамын жаз ойла» деген халықпыз. Бұрын көшпенді бабаларымыз қыс келерден бұрын малдың жем-шөбін, өзінің азық-түлігін алдын ала дайындауға кіріссе, қазір қала мәдениеті одан мүлдем басқа. Сондықтан күнделікті халықтың тұрмысына керекті дүниелерді реттеу маңызды. Оның үстіне ақбурадай ақырған қаңтар келгенде қасқыр ішік кисең де, қаныңа мұз қатырардай Арқаның қысы аяғалы тұрған жоқ.

мен, іші тап-таза болып тұр. Тәуелсіздік даңғылы мен Достық көшесі, Мәңгілік ел даңғылының бойындағы Министрліктер үйі аялдасы да дәл сондай. Алайда бұл аялдамалар өздігінен таза болып, халықтың қажетінен шығып тұрған жоқ. Оларды қарап күтуге әр аудан әкімінің аппараты жауапты. Айталық, Есіл ауданы бойынша жалпы 53 жылы аялдама бар. Оның ішінде 44 аялдама павильонына аталған аудан әкімінің аппараты қызмет көрсетеді.

– Қаладағы жылы аялдамалар – бұл қысты күндері, әсіресе суық мезгілде жолаушыларға жайлы әрі қауіпсіз көлік күтуді

қамтамасыз ететін заманауи көлік инфрақұрылымы элементі. Әрі қаланың қоғамдық көлік жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл аялдамалар қала тұрғындарына ыңғайлы жағдай жасау, қоғамдық көлік жүйесінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ климаттық жағдайларға байланысты туындайтын қиындықтарды шешу мақсатында орнатылған. Сондықтан Әкімдік аппаратының міндетіне аялдама павильондарының ағымдағы жағдайын бақылау, әйнектерді, қабырғаларды және еденді тазалау, бүлінген элементтерді сырлау және жөндеу жұмыстарын жүргізу

кіреді. Сондай-ақ аялдамаларда аптасына екі рет ылғалды санитарлық тазалау жүргізіледі. Біздің аялдамаларымыз таза және жайлы болып қалуы үшін коммуналдық қызметкерлер күн сайын 9:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді. Әрі біздің қызметкерлер үйсіз адамдар немесе маскүнемдердің жылы аялдамаларға келіп жатып түнеп жүргенін байқағанда оларды бірден полицияға хабарлап шақырады, – дейді Есіл ауданы бойынша абадандыру бөлімінің бас маманы Саят Бақытұлы.

Ал тұрғындар қаланың шетінде тіпті адамдар көп жүретін кей аумақтардың өзінде жылы аялдамалардың жоқтығына наразы. Мысалы, Әйтеке би мен Сығанақ көшесінің қиылысы сияқты аудандарда жылы аялдамалар түгілі, жай аялдамалардың өзі дұрыс жұмыс жасап тұрмағаны, Ақбұлақ шағын ауданы, айқай салсаң, Ақордаға дауысың естілетін Бейімбет Майлин, М.Жұмабаев көшесінің бойы, Қозы Көрпеш көшесі, Ақыртас аялдасы, Ұлы Дала көшесі аялдасы сияқты жерлерде жылы аялдамалардың болмауы тұрғындардың жүріс-тұрысына көптеген кедергілер келтіруде. – Меніңше, жылы аялдамалар тек қаланың орталығына ғана салынып жатқан сияқты. Негізі жылы аялдамаларды қаланың барлық аумағында көбейту керек

деп ойлаймын. Өйткені қыстың күні небір қарлы-борандар болған кездерде таксидің құны екі-үш есе көтеріледі. Сондайда автобустарды күту үшін жылы аялдамалардың болуы аса маңызды. Әрі ол тұрғындардың өзін қауіпсіз сезінуіне, қаланың бір шетінен екінші шетіне барғанда алаңсыз жүруіне тиімді болар еді, – дейді қала тұрғыны Әсел Әуелбекова.



Жалпы, жылы аялдамалар санын көбейту керек екендігіне автобус жүргізушілері де қосылады. Сондай-ақ олар кейде суықтың, қалың қардың әсерінен автобустардың уақытынан кешігіп жүретінін де растады.

– Қыстың аты қыс қой қашанда. Жер тайғақ, күн суық болады дегендей. Оның үстіне автобустар техника ғой, бұзылуы мүмкін. Сондықтан кейде жол-көлік апаттарының себептерінен болмаса басқа да себептерден аялдамаларға кешігіп келетін кездер аз болмайды. Бірақ ол біздің жұмысымызға кедергі болғанымен, тосқауыл емес. Сондықтан, біздің басты

миссиямыз – автобус ішіндегі жолаушыларды аман-есен «а» бағытынан «б» бағытына жеткізу. Алайда адамдар әртүрлі болғандықтан, кейде бір үш-төрт минутқа кешіксең, өзіңді кінәлап ұрсып жатады. Оларды да түсінеміз. Әрине, аяз болып жатса, біздің де жұмыс графиктерімізде өзгеріс болады. Автобустар барынша жиі жүргізіледі. Дегенмен мұндайда жылы аялдамалардың болуы автобус күтушілеріне жағдай жасау екені анық, – дейді №1 автобус паркінің жүргізушісі Науан Бейсенбаев.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ  
ҚАЛАЙ?

Шын мәнінде, жылы аялдамалар көптеген елдерде бар. Әсіресе, Солтүстік Еуропа, Солтүстік Америка және Шығыс Азия елдерінде бұл тәжірибе кеңінен таралған. Мысалы, Финляндияның астанасы Хельсинки мен басқа да қалаларында жылы аялдамалар ерекше танымал. Мұнда қыстың суығы мен ұзақ қарлы кезеңінде тұрғындарға жайлы көлік күту жағдайларын қамтамасыз ету үшін арнайы жылы аялдамалар орнатылған. Сондай-ақ оларда күн панельдері және жел энергиясын пайдалану арқылы экологиялық таза жылу жүйелері орнатылған. Ал Швеция қысы суық ел болғандықтан, Стокгольм, Гетеборг секілді қалаларда жылы аялдамалар көптеп кездеседі. Тіпті кейбір аялдамаларында қосымша инфрақұрылым да орнатылған, мысалы, Wi-Fi, USB зарядтау станциялары, сондай-ақ көшелердің жарықтандыру жүйесі орнатылған. Әрі бұл аялдамалар



## ПОЛИЦИЯ БЕКЕТІ АШЫЛАДЫ

Нұра ауданында жыл соңына дейін үш учаскелік полиция пункті ашылады. Олар құқықбұзушылық саны ең көп тіркелген аумақтарда орналасады.

Қазіргі уақытта барлық үш учаскелік полиция пунктіне жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Полиция пункттерін орналастыру үшін орындар мұқият таңдалды. Аудандық полиция басқармасы заң бұзушылықтар ең көп жасалған учаскелерді талдап, анықтады. Мысалы, Ш.Айтматов, Сығанақ, Әнет баба және Қ.Мұхамедханов көшелерімен шектелген аумақта өткен жылы 123 қылмыс жасалған. Бұл көршілес тұрғыны көп «Сат сити» тұрғын үй кешені аумағымен

салыстырғанда 2,6 есе көп.

Аталған мәселені шешу және криминалдық жағдайды жақсарту мақсатында учаскелік пункттердің бірі І.Омаров көшесі, 21/1 мекенжайында орналасады. Бұл полиция пункті осы көшеде орналасқан 4 мектепті қамтиды.

Тағы бір учаскелік пункт «Шығыс» тұрғын үй кешенінде Е-15 көшесі, 11-үй мекенжайында ашылады. Сондай-ақ жыл соңына дейін Үркер тұрғын алабындағы дене шынықтыру-сауықтыру

кешенінде полиция пункті жұмысын бастайды.

Учаскелік полиция пункттері арнайы қабылдау орындары мен уақытша ұстау изоляторларынсыз жұмыс істейді.

Бүгінде Нұра ауданында үш учаскелік полиция пункті жұмыс істейді. Ал биыл қыркүйек айында Қорғалжын тас жолы, 13/2 мекенжайында Нұра ауданының Полиция басқармасы ашылды. Жаңа пункттер тұрғындардың өтініштеріне жедел жауап беруге және ауданның қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.



## БІЛІКТІ ХИРУРГ БЕЛЕСІ

Жеңіс Балжанов – елордадағы №1 көпбейінді қалалық ауруханасындағы хирургия бөлімінің меңгерушісі, білікті дәрігер-хирург. Өз ісін жетік білетін маманның медицина саласында жемісті еңбек етіп келе жатқанына 22 жылдан асты. 2024 жылы «Денсаулық сақтау саласының үздігі» атанды.

– Осы мамандықты жүрек қалауыммен таңдадым. Әрине, ата-анамның да кеңесі әсер етті. Хирург болу үшін, ең алдымен, білім, төзімділік, батылдық пен өзіңе деген сенімділік қажет. Ең алғаш ота жасаған сәтім әлі есімде. Барлық хирургтердің ең алғашқы отасы аппендицит жасаудан басталатыны белгілі ғой. Мен де осы отамен хирургия саласындағы жолымды бастадым, – дейді ол.

Хирургия саласында аға буын ұстаздарының қасында жүріп үйренген сабағы өмірлік тәжірибе еді. Сырттай қараған адамға қызықты болып көрінетін хирургия саласының үлкен жауапкершіліктен, батыл әрекетті талап ететін қадамдардан, зор сабыр мен кәсіби шеберліктен тұратынын түсінеді. Қазір біраз тәжірибе жинақтап, қол шынықтырса да, үйренерінің көп екендігін айтады. Өзінен кейін өсіп келе жатқан жас мамандарға да қолынан келгенін үйретіп, кеңес беріп, түсіндіруден жалыққан емес.

Жеңіс Мырзасейітұлы жасайтын оталар шұғыл және жоспарлы оталар. Қалқанша безге, құлақ қуысына, бауырға, ішек пен өңешке, өт жолдарына, асқазанға эндокриндік операциялар жүргізеді. Сондай-ақ пластикалық



хирургия және бариатриялық оталар мен іш қуысына оталар жасайды.

«Операцияға дейін және одан кейін пациенттердің өзін-өзі күтудегі ең көп кездесетін қателіктері қандай?» деген сауалымызға дәрігер-хирург былай деп жауап берді:

– Науқастар өздерін аяуға бейім және артық қозғалғысы келмейді. Сондықтан оларды ең бастысы, сендіріп, ынталандыру керек, – дейді ол.

Отаға дейін жеткізбес

үшін дәрігердің ұсыныстарын орындау қажет. Біріншіден, уақытылы емделген дұрыс, екіншіден, салауатты өмір салтын ұстанып, дер кезінде сапалы тамақтанып, сосын үнемі дене шынықтырумен айналысқан жөн. Үшіншіден, уақытылы диагностикадан өтіп, денсаулығын үнемі тексеруден өткізу керек, – дейді Жеңіс Балжанов.

Хирургия бөлімшесінде қазіргі таңда жалпы 60 адам ем алып жатыр, оның алта-

уы отаға дейінгі ем-шараны қабылдауда, ал отадан кейін ем алып жатқандардың саны бөлімшедегі науқастардың 70%-ын құрайды.

– Мендегі өт қабының қабынуы және грыжаға ота аурухананда өте сәтті өтті. Дәрігер-хирург Жеңіс Мырзасейітұлы отаны тез, әрі сапалы жасады. Қазір денсаулығым қалпына келе бастады, жақсарған жағдайыма үйдегілер де қуанып жатыр. Мұнда барлық дәрігерлер қызметіне адал және мұқият қарайды. Сіздерге алғысымды жеткізіп, денсаулық пен бақыт тілеймін, – дейді хирургия бөлімшесінде ем алып жатқан қала тұрғыны Сандуғаш Қарлығашова.

Табиғатынан ерекше қабілеттілігі мен мамандығына деген құштарлығын халық денсаулығы үшін жұмсап, күндіз-түні еңбектеніп келе жатқан білікті маман өз әріптестерінің арасында өте сыйлы. Әрдайым кәсібіне адал ақ халатты абзал жанның денсаулық сақтау саласында жеткен жетістіктері де аз емес. Жеңіс Мырзасейітұлы халықаралық Адам құқықтарын қорғау комитеті «CIPDH» марапаттау комиссиясының шешімімен «Мейірімділік және әділеттілік» медалін иеленген дәрігер.

Бұл өмірде адамның бірінші байлығы денсаулық екені сөзсіз. Осы ретте медицина саласында Жеңіс Мырзасейітұлы секілді білікті мамандардың алдығы шепте жүргені қуантады.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Қазіргі таңда балалардың денсаулығын қорғаудың ең тиімді әдістерінің бірі – иммунопрофилактика. Яғни жасанды иммунитет қалыптастыру арқылы инфекциялық аурулардың алдын алу. №13 қалалық емхананың балалар дәрігері Гүлнұр Байтемір иммунопрофилактика мен вакцинацияның маңыздылығы туралы айтып берді.

## БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҚОҒАМ БАЙЛЫҒЫ



«Вакцинацияның ең басты артықшылығы – балаларды қауіпті аурулардан қорғау. Қызылша, полиомиелит, қызамық, дифтерия, сіреспе, туберкулез сияқты жұқпалы аурулар ауыр асқынуларға, ұзақ емделуге немесе тіпті өлімге алып келуі мүмкін. Вакцинация осы аурулардың алдын алып, балалардың денсаулығын сақтауға көмектеседі. Қазіргі уақытта вакцинацияның арқасында көптеген қауіпті аурулардың таралуы айтарлықтай төмендеген. Мысалы, 20-ғасырдың басында полиомиелит жиі кездесетін ауру болды, ал бүгінгі таңда оның таралуы вакцинацияның арқасында айтарлықтай азайған» дейді балалар дәрігері.

Оның айтуынша, вакцинация жаппай жүргізілген кезде ұжымдық иммунитет қалыптасады. Бұл дегеніміз, мектепте немесе балабақшада, көпшілік адамдар вакциналанған кезде, аурудың таралуы мүмкіндігінше тоқтайды. Бұдан басқа, регламент шеңберінде оңалтудың жеке жоспарлары мен бару кестелері жасалған.

«2024 жылдың сәуірінен желтоқсанына дейін 802 бала иппотерапиядан өтті, оның 610-ы мемлекеттік тапсырыс бойынша қызмет алды. Жұмыс birge.astana.kz платформасы арқылы ұйымдастырылған, бұл процестің ашықтығын қамтамасыз етеді» дейді Ерлан Каналимов.

«Кейбір ата-аналар вакцинацияның қауіптілігі туралы алаңдауы мүмкін, бірақ ғылыми зерттеулер мен тәжірибелердің көрсеткендей, екінің

қауіп-қатері өте төмен. Екпе алғаннан кейін дене температурасының көтерілуі немесе инъекция орнында жеңіл ауырсыну секілді жанама әсерлер болуы мүмкін, бірақ олар уақытша және өздігінен өтеді. Вакцинацияның пайдасы оның ықтимал қауіптерінен әлдеқайда жоғары. Кез келген вакцинация алдында дәрігер кеңес береді. Бұл балалардың денсаулығын сақтауға көмектеседі. Қазіргі уақытта вакцинацияның арқасында көптеген қауіпсіз және тиімді әдісі» дейді Гүлнұр Байтемір.

Елімізде балаларға арналған вакцинация ұлттық күнтізбе бойынша жүргізіледі. Бұл күнтізбе мемлекет тарапынан бекітіліп, әртүрлі инфекциялық ауруларға қарсы міндетті вакцина түрлерін қамтиды. Оның негізгі кезеңдері мен сызбаларын Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен.

Дәрігерлердің пікірінше, Қазақстанда вакцинацияның арқасында көптеген аурулардың таралуы едәуір төмендеген. Мысалы, полиомиелит пен қызылша сияқты аурулар бойынша көрсеткіштер төмендеп, бүгінде үлкен қауіп тудырмайды.

«Әр ата-ана баласын вакцинациялау арқылы оның денсаулығын қорғап, қоғамның денсаулығына үлес қосады. Вакцинация – бұл болашақ ұрпақ үшін жауапкершілікпен қараудың және қоғамның денсаулығын нығайтудың маңызды қадамы» деп түйіндеді дәрігер.

## ИППОТЕРАПИЯ – ОҢАЛТУДЫҢ ЕРЕКШЕ ӘДІСІ



«Арғымақ» ат спорты кешені ерекше қажеттілігі бар балаларды оңалтудың бірегей әдісі - иппотерапияны белсенді дамытуда. Бұл туралы Астана әкімдігінің ресми сайты мәлімдеді.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту бойынша сабақтарды аккредиттелген ұйымдарда оқыған оңалту

дәрігерлері мен иппотерапия саласының білікті мамандары жүргізеді.

Нысан емдеу-оңалту жұмыс-

тарын (иппотерапия) жүргізуге арналған, мұнда балалар мен ересектерге атқа мінуді үйретеді, спорттық-бұқаралық

және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастырады.

Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, бүгінде иппотерапияны пайдалана отырып, медициналық оңалтуды ұсыну регламенті бекітілді. Ол медициналық көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді ескере отырып, балалар тізімін қалыптастыруды, сондай-ақ жұмысты жүйелеуді және қызмет көрсету тәртібін қамтиды. Бұдан басқа, регламент шеңберінде оңалтудың жеке жоспарлары мен бару кестелері жасалған.

«2024 жылдың сәуірінен желтоқсанына дейін 802 бала иппотерапиядан өтті, оның 610-ы мемлекеттік тапсырыс бойынша қызмет алды. Жұмыс birge.astana.kz платформасы арқылы ұйымдастырылған, бұл процестің ашықтығын қамтамасыз етеді» дейді Ерлан Каналимов.

## ЖАРАҚАТ АЛУДАН АБАЙЛАҢЫЗ

Қыс мезгілінде медициналық ұйымдарға күніне шамамен 350-ден 550 адамға дейін жүгінеді, олардың жартысы – балалар. Әсіресе, абайсызда жығылып, аяқ-қол буындары жарақатын алатындар көп.

Мамандардың айтуынша, көптеген адамдар белгілі бір уақыт аралығында ауруға шыдап жүре береді. Сосын барып, медициналық көмек сұрайды. Егер жарақат алған адам медициналық мекемеге үш тәулік ішінде жүгінсе, алғашқы көмек көрсетіледі, ал бір аптадан кейін келгендер тек емханаларға жіберіледі.

«Жарақат симптомсыз болмайды, сүйек сынған жағдайда ол міндетті түрде сезіледі. Дәрігердің кеңесі бойынша, аяқ киім сатып алар алдында оның табанының тегіс немесе рифленген екеніне назар аудару қажет. Сондай-ақ қараңғы жерлерде жүрмеуге тырысу керек. Ал егер адам жарақат алса, оны өздігінен



қозғалтуға болмайды, дұрысы жедел жәрдем шақыру керек, себебі дұрыс тасымалдауға қосымша асқынулар тудыруы мүмкін. Мысалы, жамбастың сүйегі ішекті зақымдауы мүмкін, сүйек сынықтары орын ауыстыруы ықтимал» дейді Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас травматологы Алексей Солод.

Оның айтуынша, егер адам ашық бас жарақатын алса, басты симптом – есінен танып қалу. Мұндай жағдайда науқасты травматология бөліміне емес, уақыт жоғалтпай қабылдау бөліміне апару керек.

Қазіргі таңда Астананың сол

жағалауында травматологиялық пункт жетіспейді екен.

«Осы мәселені шешу үшін Астананың сол жағалауында жаңа медициналық нысан – Ұлттық жедел медициналық көмек көрсету координациялық орталығы салынууда. Мұнда көптеген бөлімдер, соның ішінде балалар мен ересектер қабылданатын травматологиялық пункт және жарақат алғандарды емдеу бөлімшесі болады. Жақын арада сол жағалаудың тұрғындары медициналық көмекті осы орталықтан ала алады» дейді елорданың бас травматологы Алексей Солод.





## БИЫЛҒЫ АСТЫҚ ОРАСАН

Биыл Қазақстанда рекордтық көлемде дәнді дақылдар жиналды, яғни орташа өнімділік гектарына 16,1 центнер болып, 26,7 млн тонна астық бастырылды. Былтыр бұл көрсеткіш 10 ц/га құраған болатын. Сонымен қатар 3,2 млн тонна майлы дақыл бастырылды, 2,9 млн тонна картоп, 3,9 млн тонна көкөніс және 2,6 млн тонна бақша дақылдары жиналды. Бұған Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге 580 млрд теңге көлемінде рекордтық қаражат бөлінуінің арқасында қол жеткізілді.

**Райхан  
РАХМЕТОВА**

Бұл туралы егін орағының қорытындылары қаралған Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов мәлімдеді. Ол аталған қаражат егіншілерге тікелей несие беруге, пайыздық мөлшерлемені төмендетуге, форвардтық сатып алуға бағытталғанын жеткізді. Енді алдағы жылы осы қаржыландыру көлемін 700 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. 2025 жылға арналған көктемгі егіс және күзгі жиын-терім жұмыстарын қаржыландыру биылдың өзінде басталып кетті. Биыл ауыл шаруашылығы техникасын лизингпен сатып алуға 120 млрд теңге тартылды. Алдағы жылы бұл көрсеткішті 200 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарда бар.

– Дикандар тұқыммен, жеңілдікті отын және тыңайтқыштардың жеткілікті көлемімен қамтамасыз етілді. Ендігі басты міндет – жиналған өнімді сақтау мен өткізу, барлық астық қабылдау кәсіпорындары үздіксіз жұмыс режиміне көшуі керек. Сондай-ақ фитосанитариялық қызмет астық сапасына қатаң бақылау жасауы тиіс, – деп атап өткен Премьер-министр ауыл шаруашылығы министрлігіне облыс әкімдіктерімен бірлесіп, жиналған астықты шашпай-төкпей дер кезінде тасымалдауды, оны кептіріп, элеваторларға жеткізу жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Үкімет отырысында күздегі жауын-шашынға қарамастан егін жинау науқаны айтарлықтай шығынсыз жүргізілгенін айтты. Жаппай егін жинау жұмыстары 20 тамыздан басталған еді.

– Жоғары өнімділікке ауа райының қолайлы болуы және әрине, агротехнологи-

яларды дұрыс қолдану нәтижесінде, атап айтқанда, сапалы тұқымдарды пайдалану, минералды тыңайтқыштарды қолдану және өсімдіктерді тиімді қорғау арқылы қол жеткізілді, – деді министр.

Президент тапсырмасы бойынша әзірленген Жол картасы аясында 2024-2028 жылдар аралығында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін екі есеге арттыру міндеті қойылды. Жалпы, ҚР агроөнеркәсіп кешенінің дамытуында 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде 2030 жылға қарай бидай өнімділігін гектарына 20 центнерге дейін арттыру көзделуде.

Қазақстан жыл сайын 8-9 млн тонна астық экспорттайды, оның 6,5-7,5 млн тоннасы – бидай. Экспорт географиясы 40-тан астам елді қамтиды. Орталық Азия, Ауғанстан, Қытай, Түркия, Иран,

Италия, Тунис елдері дәстүрлі нарық саналады. Биылғы егіннен шамамен 12 млн тонна астық экспорттау жоспарлануда. Осыған байланысты Сауда және интеграция министрлігіне Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, өндірілген өнімді дәстүрлі нарықтармен қатар, жаңа нарықтарға да өткізуді қамтамасыз ету міндеті қойылды. Көлік министрлігі «ҚТЖ» компаниясымен бірге үздіксіз тасымалды ұйымдастырып, вагондармен қамтамасыз етудің нақты кестесін бекітуі қажет.

Қазақстандық астық экспортының негізгі өткізу нарықтары – Орталық Азия, Қытай, Ауғанстан, Италия және басқа елдер. Сондай-ақ Әзербайжан, Ауғанстан, Иран, Ирак, Солтүстік Африка және ЕО елдеріне Қара және Балтық теңіздерінің порттары арқылы 2 млн тоннаға дейінгі көлемде

астық тасымалдау мәселесі пысықталуда. Өзбекстанға жеткізілімдер көлемі 42%-ға өсіп, 944 мың тоннаны құрады, өткен жылы бұл көрсеткіш 665 мың тонна болған еді. Тәжікстанға жеткізілім 2023 жылғы 254 мың тоннадан 49%-ға артып, биыл 377 мың тоннаға дейін жетті. Қытайға экспорт көлемі 17%-ға артып, 355 мың тоннаға жетті, Ауғанстанға жеткізілімдер көлемі 71%-ға ұлғайып, 115 мың тоннаны құрады. Иранға экспорт көлемі 30 есеге дейін – 10 мың тоннадан 299 мың тоннаға артты. Республикадағы астық сақтау қоймаларының жалпы сыйымдылығы 30 млн тоннаны құрайды.

Елімізде астықты тасымалдауды жоспарлау үшін жедел астық штабын құру жұмыстары басталды. Экспорт географиясын кеңейту мақсатында халықаралық дәліздер құру жөніндегі жобалар іске асырылып жатыр. Сонымен қатар нарыққа реттеуші ықпал тигізу мақсатында «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ егіншілерден астық сатып алу шараларын қабылдайды.

Қазақстан ауыл шаруашылығының үлкен әлеуетіне ие, бұл еліміздің әртарапандырылған және инклюзивті экономикалық өсуіне ықпал ете алады. Негізгі артықшылықтарының бірі – кең байтақ аумақ, халық тығыздығының төмендігі және үлкен ауыл шаруашылығы жерлерінің болуы. Республикада өндірісті сұранысқа сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өсірілетін дақылдардың биологиялық қажеттіліктерін жергілікті агроклиматтық және табиғи жағдайларға неғұрлым көбірек сәйкестендіруге бағытталған ауыл шаруашылығы дақылдарын әртарапандыру бойынша шаралар қабылдануда.

2024 жылы жалпы егіс көлемі 23,3 млн гектарды құрады, оның 21,1 млн гектары – жаздық егіс. Өткен жылмен салыстырғанда бидай алқабы 560,9 мың гектарға қысқарып, 13,1 млн гектарды құрады. Бүгінгі таңда Қазақстанда 149,9 мың трактор, 38,7 мың комбайн, 5 мың егіс кешені, 76,4 мың тұқым сепкіш және 219 мыңға жуық топырақ өңдейтін және мамандандырылған техника бар.

Еліміздің өмірінде ерекше сән-салтанатпен аталып өтілетін 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні халқымыз үшін ерекше қастерлі күн. Осыдан тура 33 жыл бұрын Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматы қаласында еліміздің Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін бүкіл әлемге жариялады. Осы орайда бауырлас Түркия елі тәуелсіздігімізді әлемде ең бірінші болып танығанын атап өтуіміз қажет.

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ

Қазақстан Республикасы қазіргі таңда бүкіл әлем таныған елге айналып отыр. Күн нұрының аясында қыран құс қалықтаған еліміздің аспан түстес көгілдір туы бүгінгі таңда бүкіл әлемге танымал. Еліміздің саңлақ спортшылары әлемдік олимпиадалар мен түрлі халықаралық спорт жарыстары кезінде қазақтың туын желбіретіп, мемлекетіміздің Гимні орындалғанда кеудемізді әрдайым қуаныш кернейді. Күні кеше Астана қаласының төрінде өткен көшпенділер ойынын өткізу кезінде қазақстандық спортшылар еліміздің туын биікке көтерді.

Елімізге тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Бұл – ел үшін жан қиған ерлердің азаттық жолындағы күресінің жемісі. Бұл – Желтоқсан оқиғасына қатысып, еліміздің ертеңі, жарқын болашағы үшін алаңа шығып, өздерінің мақсат-тілектерін қайықпай білдірген жастардың жүрек түкпіріндегі асыл арманы. Бұл – ата-бабамыздың ғасырлар бойы аңсаған азаттығы. Бұл – 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның тарихи жалғасы. Бұл – өз тағдырын өзі айқындап, жарқын болашаққа жыл қадам басқан халқымыздың өміріндегі маңызды зор айтулы оқиға.

Бүкіл еліміз осы күнді мемлекеттік мереке ретінде әрдайым көтеріңкі көңіл-күймен, жарқын болашаққа деген үлкен сеніммен атап өтеді. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолы – бірліктің, төзімділіктің, батырлық пен еңбекқорлықтың жарқын үлгісі.

Қазақстан Республикасы әділет органдарының да еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында алып отырған өзіндік орны бар. Сондықтан да Астана қаласының Әділет департаменті заңның үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңнамалық базаны жетілдіру

арқылы еліміздің тұрақтылығы мен дамуына өз үлесін қосып келеді.

Бұл күндері Астана қалалық Әділет департаментінің басшылығымен елордада жұмыс істеп жатқан нотариустардың, сот орындаушылары мен әлеуметтік хал актілерін тіркеу органдары мекемелерінің есігін ашпайтын адам кемде кем. Осы салаларда өздерінің қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып келе жатқан әріптестеріміздің Тәуелсіздік күнін атап өтуге қосып отырған мол үлесі бар деген ойдамын.

Тәуелсіздігіміздің 33 жылдық тарихында елдің құқықтық жүйесі жаңа деңгейге көтерілді. Бүгінгі таңда Қазақстанның заңнамасы халықаралық стандарттарға сай жетілдіріліп, азаматтардың мүддесін қорғауға қызмет етіп келеді. Осының бәрі егемендік пен әділетті қоғам құру жолындағы қажырлы еңбектің, бір ортақ мақсатқа жұмылған ұжымның сан салалы қызметінің нәтижесі деп білемін.

Халқымызда «Елу жылда ел жаңа» деп даналықпен айтылған сөз бар. Қазіргі уақытта барша жұртшылық Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолында мақсатты жұмыс жүргізуде.

Тәуелсіздік – әрбір азамат үшін баға жетпес құндылық. Әділет департаментінің қызметкерлері елдің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда, әділдік пен заңдылық қағидаттарын нығайтуда аянбай еңбек етіп келеді. Бұл – біздің тәуелсіздікті сақтап, келер ұрпаққа аманат ету жолындағы басты міндетіміз.

**Р. НАУШАРИПОВА,**  
Астана қаласының Әділет департаменті әкімшілік бөлімінің бас маманы

**ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ**

**РЕКОРДТЫҚ ӨНІМ ЖИНАЛДЫ**

**26,7 МЛН ТОННА АСТЫҚ  
3,2 МЛН ТОННА МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАР  
БАСТЫРЫЛДЫ**

**2,9 МЛН ТОННА КАРТОП  
3,9 МЛН ТОННА КӨКӨНІС  
2,6 МЛН ТОННА БАҚША ДАҚЫЛДАРЫ  
ЖИНАЛДЫ**

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігін 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 9 қаңтарда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды түлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. «Қойма кешені» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, 229 Айналма көше ауданында, тапсырыс беруші «Astana Invest» Қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС;

2. «Өрт депосы» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойын-

ша, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, әл-Фараби көшесі бойынша, тапсырыс беруші «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ;

3. Байқоңыр ауданындағы, Асан Қайғы көшесіндегі қызыл сызықты өзгерту және көлденең бейіндерді сәйкестендіру, тапсырыс беруші «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ;

4. «Силикат зауыты» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал көшесі бойынша, тапсырыс беруші «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ;

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Sutyunova.zh@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

«Elorda Aqparat» медиахолдингі және «Астана ақшамы» газеті редакциясының ұжымы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – баспасөз хатшысы Берік Уәлиге әкесі **Уәли Құрманғалиұлының** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ҮШ ТҮЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» аясында тілтану саласындағы танымал тұлғалар Әбдуәли Қайдар, Рабиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

**Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Жиынға Еуразия ұлттық университетінің академик ғалымдары, профессор, оқытушы, студенттерінен сырт, Еге университетінің, Қарабақ университетінің, Қазан федералды университетінің, Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары онлайн қатысып, сөз сөйледі.

Үш академик – Әбдуәли Қайдар, Рабиға Сыздық, Шора Сарыбаев – қазақ тілінің дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдар. Түркология ғылымына зор үлес қосқан танымал ғалым Әбдуәли Қайдар (1924-2019) қазақ тіліндегі бір түбірлі сөздер, көне атаулар, қос сөздер мен терминология мәселелерін зерттеді. Қазақ тілінің лексикологиясы, ономастика және этнолингви-



стика салаларының дамуына өз үлесін қосты. Қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетін тіл арқылы зерттеп, үш томдық этнолингвистикалық сөздік құрастырды. Ал Рабиға Сыздық (1924-2020) қазақ тілінің стилистикасы, орфографиясы мен орфоэпиясын зерттеуге өшпес үлес қосты. Абай шығармаларының тілін жан-жақты талдап, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеді. «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Абай тілінің ерекшеліктері», «Абайдың сөз өрнегі», «Сөздер сөйлейді» сияқты маңызды еңбектер жазып, тіл ғылымының дамуына саналы ғұмырын арнады. Шора Сарыбаев (1925-2018) – Қазақ тілінің диалектологиясы саласының негізін салушылардың бірі. Қазақстандағы тілдік диалектілер мен говорларды зерттеп, олардың ерек-

шеліктерін анықтады. Қысқасы, бұл үш ғалым да қазақ тілінің ғылыми негіздерін қалыптастырып, оны дамытуға ерен еңбек сіңірді.

Жиналысқа қатысып, сөз сөйлеген баяндамашылар үш тұлғаның еңбек жолымен байланыстыра отырып, олардың қазақ тілінің дамуына қосқан үлесі мен жас ұрпақтарға қалдырған зерттеу еңбектеріне тоқталды. – Әбдуәли Қайдар, Рабиға Сыздық, Шора Сарыбаев үшеуі де – қазақ тілі білімінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалымдар. Бізге осы тіл білімінің үш тұлғасымен бір ғылыми мекемеде еңбек етіп, тәлімін көріп, тағалымын алу бақыты бұйырды. Олар соңына мол ғылыми мұра қалдырып, көптеген мықты шәкірттер тәрбиеледі. Биыл қазақ тілі білімінің көрнекті тұлғаларына арналған ғылы-

ми жиындар, конференциялар жер-жерде өтіп жатыр. Бүгінгі жиын да солардың жалғасы. Бүгінгі үшеуінің 100 жылдық мерейтойларына арналған алқалы жиынның аталып жатуының өзіндік символдық мәні бар. Себебі олар өмір бойы бір ғылыми-зерттеу институтында еңбек етті, жұптары жазылмай бірге жүрді. Ұзақ жыл бір мекемеде еңбек еткенде сыйластығын сақтап, әзілдері жарасып өтті. Олардың осы бір өнегелі ғұмырын жас ұрпаққа үлгі етіп, ғылымдағы жолын жалғастыру – біздің және жас ұрпақтардың парызы. Өйткені із бар, ізбасар жоқ болса, ғылым ешқашан дамымайды, – деді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ғылым жөніндегі вице-президенті, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы Шерубай Құрманбайұлы.



Осыдан кейін ғалымдар үш академиктің еңбектеріне жеке-жеке тоқталып, арнаулы баяндамалар жасады. Филология ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті түркітану кафедрасының профессоры Мағрипа Ескеева «Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі» тақырыбында; Филология ғылымдарының докторы, Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының профессоры Пердербай Нажимов «Әбдуәли Қайдар және түркі тілдерінің этнолингвистика ғылымы» тақырыбында баяндама жасады. Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Рақымжан Тұрысбек «Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде» тақырыбында сөз қозғады. «Академик Р.Сыздық

зерттеулері әр алуан, көп қырлы. Ол Абай мұрасының мәніне, сөз сарасына, қара сөздер жүйесіне, ақыл-қайрат, жүрек үніне, бес асыл іс маңызына ден қояды. Абай шығармаларының тілі туралы бірқатар еңбектер жазды. «Абай тілінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық, «Абай шығармаларының тілі» тақырыбында докторлық диссертация қорғады» деді ол.

Алматыдан онлайн байланысқа шығып, құттықтау сөзін сөйлеген А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан үш академиктің 100 жылдық мерейтойына орай Алматы қаласында да ғылыми конференциялар өтетінін айтып, үш академикке де Алматыдан көше берілім деген қуанышты хабарды жеткізді.

## АҚЫННЫҢ АСТАНАҒА АРНАУЫ

Белгілі ақын, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазының елорда тұрғыны атанғанына ширек ғасырға жуықтады. Елдің бас қаласында шығармашылығы шыңдалып, өнері өрістеді. Өмір, өнер жолында игі жақсылардан тәлім алған ол – бүгінде талай шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы. Бастапқыда ұлтымыздың киелі өнері айтыс арқылы жұртқа танылған Серікзат жазба ақын ретінде де белгілі, бүгінде өлеңдеріне жазылған әндер де баршылық. Бұл музыкалық туындылар танымал әншілердің репертуарына енді. Мерейлі 50 жасына қоржыны тоқ күйінде жетіп отырған ақын өзін жетістіктерге жетелеген елордаға арнап «Ұлы дала жүрегі» атты шығармашылық кешін берді. Бұл кеш Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында өтті.



**Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ**

Кейінгі жылдар ақынның басына ауыр тиді. Ұлы Елихан қайғылы қазаға ұшырап, артынша анасы Сәжида өмірден озды. Сондықтан Серікзаттың жоспарында биыл шығармашылық кеш өткізу болмаған еді. Бұл кештің ұйымдастырылуына бастамашы болған Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек «Серікзат, бала сенікі болғанымен, өнерің халықтыкі, халқыңа сыйла» деді. Қала басшысы ақынға өзінің құттықтауын да жолдады. Оны кеш барысында Астана әкімінің орынбасары Есет Байқен оқып берді.

«Халқымыз «елу ердің жасы, даналықтың басы» дейді. Бүгінгі белесті жасқа мол тәжірибе-

мен, қажырлы істермен және теңіз біліммен жетіп отырсыз. Саналы ғұмырыңызды еңселі елордамыздың рухани ағарту саласына арнап, абыроймен еңбек етіп келесіз. Өзіңіздей ардақты азаматтың ел дамуына атсалысып, шәкірт тәрбиелеп жүргеніне қуанамыз. Қазаққа «Ұстаз – келер күннің ұстасы» деген бар, жас ұрпақты рухани тәрбиелеу, оларды заманауи білім мен ғылымға баулу – ең абзал іс. Сіз осындай ізгі миссияны алға қойып, осы жолда тынбай еңбек етіп келесіз. Қаламыңыздан туған талай жырға ән жазылып, қазақтың әр үйінде, киелі сахнада айтылып жүр. «Жүректен шыққан жыр ғана жүрекке жетеді» деген осы. Ақын үшін бұдан артық қандай бақыт керек! Сізге зор денсау-

лық, жақындарыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін! Ісіңіз қашанда берекелі болсын! Жыр алыбы Жамбыл атамның жасына жетіп, абыроймен ғұмыр кешіңіз! Мерейтойыңыз құтты болсын!» делінген қала әкімінің құттықтауында.

Осындай құттықтауды Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов пен Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин да жолдады. Бұл құттықтауларды Мәжіліс депутаттары Жанарбек Әшімжан мен Дәулет Мұқаев оқып берді. Кеш иесінің туған жері Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрханбаевтың да сәлемі келіп жетті. Перзентін ардақтаған ел атынан Серікзатқа автокөлік сыйға тартылды.

Кешін елорда туралы толғаумен ашып берген ақын өмір-

де және өнерде әке деп санайтын үш адам бар екенін айтты. Бұл – туған әкесі Мақсұт Дүйсенғазы, ғылымға жетелеген академик Рымғали Нұрғалиұлы және айтысқа шығарып, кешке арнайы қатысқан көрнекті ақын Жүрсін Ерман. Кеш барысында Мақсұт әкей мен Жүрсін ақынға, Рымғали Нұрғалиұлының жары Хадиса Нұрғалиеваға, Серікзаттың өмірлік қосағы Айнуірдың анасына құрмет көрсетілді.

Шығармашылық кешке елорданың өнер ұжымдарымен қатар танымал әншілер, айтыскер ақындар қатысты. Атап айтқанда, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі (көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның ең-

бек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов), осы ұжымның «Алем» заманауи би балеті, Музыкалық жас көрермен театрының әртістері өнер көрсетті. Бір атап өтерлігі, кешке аталмыш театрдың директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров режиссерлік етті. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының әртістері Жәнібек Мұсаев, Нұркен Өтеуіл, Нартай Сауданбекұлы және Қуандық Қыстықбай «Достық жыры» атты поэтикалық композицияны қойды. Бұған қоса, «Мөлдiреген жанарың» аталатын композиция орындалды.

Серікзат Дүйсенғазының поэзиясы азаматтық лирика мен жүрек қылын шертетін лирикадан тұрады. Өлеңдері-

не жазылған әндер де әр алуан тақырыпта. Оның жырларына Жалғас Кеңесов, Арман Бексұлтан, Медет Салықов, Қанат Айтбаев, басқа да композиторлар ән жазды. Бұл кеш Серікзаттың өзін де композитор ретінде танытты, авторлық «Тарбағатай» әнін Саят Нұрғазин, 17 жасында жазған «Жайдарлым» туындысын ақынның өзі достарымен орындады. Сол сияқты «Қазақтың тойы», «Самға, қазақ», «Астана», «Тәп-тәттім» т.б. әндерді Света Айтбаева, Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбділна, Заттыбек Көпбосынұлы, Досымжан Таңатаров, Айгүл Қосанова, «Жігіттер» тобы, Өмірқұл Айниязов, Роза Әлқожа, Ардақ Балажанова, Медет Салықов пен Клара Төленбаева, Ерлан Рысқали, Қуандық Рахым, «Дос» дуэті, Өзгеріс Шерікбай шырқады.

Сахнадан айтыстан өзінді көрсетілді. Онда айтыскер ақын, Серікзаттың ұстазы Серік Қалиев шәкіртіне сөз арнады. Серікзаттың шәкірті Ринат Зайытов ұстазына жырмен жылы лебізін жеткізді. Серікзаттың өзі де өлеңді төгіп жіберді.

Осыдан 6 жыл бұрын Астананың 20 жылдығына орай елордада әлемге өйгілі «Нотр Дам де Пари» мюзиклінің қазақ тіліндегі нұсқасы сахналанды. Классик жазушы Виктор Гюгонның шығармасы «Париж ғибадатханасының Эз анасы» болып көрерменге жол тартты. Либреттоны қазақ тіліне Серікзат Дүйсенғазы аударды. Иә, Серікзаттың аудармашылық өнері де бар. Осылайша «Belle», «Danse mon esmeralda», «Le Temps des Cathedrales» секілді, жалпы елуге жуық ән қазақ тілінде шырқалды. Кеште осы мюзиклдегі «Belle» әні де айтылды.

Елге сүйкімді «МузАрт» ансамблінің репертуарында Серікзаттың өлеңдеріне жазылған 15-тей ән бар. Топ мүшелері Сәкен Майғазиев, Мейрамбек Беспанев, Кенжебек Жанәбілов те жеке әншілер ретінде оның жырларына жазылған әндерді орындайды. Шығармашылық кешті «МузАрт» «Алтынның» және «Ұлы дала» әндерімен түйіндеді.

## Шаһағат ӘБДІР

**Ж**алпы 14 ақын бақ сынаған сөз бәйгесі екі күнге жалғасты. Сүйегіне сөз, қанына қара өлең сінген ақындар бәйгесінің шымылдығын ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы, Аманат партиясының басшысы Ерлан Қошанов сөз сөйлеп ашып, ақындарға сәттілік тілеп, өзі де көрермендер арасында отырып айтысты тамашалады. Екі күнге созылған сөз додасының тізгінін ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын Аманжол Әлтай ұстады. Ал сөз зергерлерінің сөзін саралап, бағалаған әділқазылар алқасының төрағасы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Жүрсін Ерман болса, әр сөздің құнын шамалап бағасын берген қазылар алқасының құрамында ақын, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбай, филология ғылымының докторы, профессор Қойлыбай Асанов, айтыс өнерінің ардагері, Мәдениет саласының үздігі Құдайберлі Мырзабеков, сондай-ақ айтыскер ақын, «Құрмет» орденінің және мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Бекарыс Шойбеков пен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Халиола болды.

## АЙТЫСТЫ АҚСАҚАЛ БАСТАДЫ

Айтысты ғасыр жасаған ақсақал, жүз жастағы Қасымхан Алдабергенов бастап, қасына ерткен Ислам-Әли Біржанұлы, Ершат Кәмілжан, Ерсұлтан Берікболұлы, Нәсер Айдосұлы қатарлы алды он бір, арты алты жастағы балалар қатар-қатар отырып бірінен кейін бірі жалғап жыр төккенде, халық Жамбыл Жабаев қайта тіріліп келгендей күй кешіп, қол соғудан шаршамады. «Алтын домбыраның» алғашқы айтысын Баянауыл төрінен келген Аспанбек Шұғатаев пен Сыр бойының саңлағы Мейірбек Сұлтанхан бастады. Бұл жұпқа «Ауылым – алтын бесігім» деген тақырып берілді. Екі ақын шыққаннан-ақ өздерінің мықтылығын дәлелдеп бірден айтысты бастаған Мейірбек:

...Төл өнерге төр берген ел аман ба,  
Шетелдің шетке сырып мың бір шоуын.  
Айлықсыз өткізсе де айдың соңын,  
Айтысыз өткізбейтін жылдың соңын,  
– деп елге амандасудан бастаған ол Аспанбекке қарата:  
...Қызметің құтты болсын деп айтайын,

Қасыма досым кепті мақтанатын.  
Ақындар одағының Павлодарда,  
Филиалын басқаратын атпал ақын.  
Кеңес құрар кеңсесін облыстық,  
Кітапхана ішінен тапқан ақын.  
Атамыздан кейінгі сен боп тұрсың,  
Есіме ел ішінде жатталатын.  
Бар шаруаны кітапхана ішіндегі,  
Офисінде отырып атқаратын, – дей келе Аспанбектің әйелінің мәдениет үйінің басшысы екенін алға тартып әзілдеп:

Аспанбек айтыстарға барған сайын,  
Басыңа жігітсің ғой бақ қонатын.  
Қатынаса қағаздары хал шығыны,  
Әйелінің қолымен жатталатын.  
Жеке батыр қалайсың жекпе-жекке,  
Жеңемнің бұйрығымен аттанатын,  
– деп айтқан шумақтары елді желіптіп тастады. Ал Мейірбекке бірден жауап берген Аспанбек алдаспан тілінен жыр суырғандай, сары майдан қыл суырғандай қып:

...Жұбайдың бұйрығымен емес біздер,  
Құдайдың бұйрығымен аттанғанбыз,  
– деп жауап беріп әрі қарай елдік мәселелерді кеңінен толғап, көрерменнің құлақ құрышын қандырып нағыз айтыстың үлгісін көрсетті. Бұдан бөлек, екі ақынның езуінен төгілген күміс сөздердің қатарында Мейірбектің: «Аймағыңды қазірден көтермесең, байрағыңды көтеріп кімдер шығар» деген сияқты тақырыпқа сай шумақтары ел көңілінің көкжиегінде қалықтады.

АТ ҚҰМАР, КҮРЕС ҚҰМАР  
ЕЛ БОЛАЙЫҚ

Ал екінші болып қапталдаса шапқан тұлпардай өнер көрсеткен ақтөбелік Нұрбол Жауынбаев пен тараздық Қанат



## АЙТЫСТЫҢ АҚ ЖАУЫНЫ

Өткен демалыс күндері елорданың Қ.Қуанышбаев атындағы драма театрында Аманат партиясы, Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен «Төрлет, еңбек адамы!» атты республикалық жылдың қорытынды «Алтын домбыра» айтысы өтті.



Мырзахан да халықтың ерекше ықыласына бөленді. Әсіресе Нұрболдың жалынды жырлары мен жастыққа тән шабыты көрерменнің еріксізден таңдайын қақтырды. Бұларға берілген «Нашақорлық пен құмар ойын – ғасыр дерті» деген тақырып да өте жақсы ашылды. Нұрбол:

Болмайық ойыңқұмар карта құмар,  
Ол түрлі қалдырады сын мазаққа.  
Айтсы құмар, жыр құмар ел болайық,  
Алашқа ақын дейтін тұлға жат па.  
Ат құмар, күрес құмар ел болайық,  
Мінсе де шаршамайтын бір жаз атқа.  
Бабаларым қалдырған құмарлықтан,  
Басқасы керек емес бұл қазаққа, – деген сияқты тақырыпты елді сүйсінтті.

Үшінші болып сахнаға әні мен сазы келіскен қарт Маңғыстаудан келген Абай Жолмағанбет пен шырайлы Шымкенттің тумасы Нұрлан Есенқұл шығып, өздеріне берілген «Қариясын мұңайтпаған, жетімін жылатпаған ел едік» деген тақырыпты айшықтап, ашып жырлады.

## КӨПШІЛКТІ ӨЗІЛГЕ БАТЫРДЫ

Ал төртінші болып қарағандылық Дидар Қами мен Жайықтың Жансая Мусинасы айтысқа шыққанда елдің бәрі

бір әзілге батарын білгендей, алдын ала алақандарын ысқылап, шапалақ соғуға дайындалып, тақымын қысып отырды. Айтысты бастаған Дидар Қами да өзінің тәжірибелі ақын екенін көрсетіп:

...Ағайын Жансаяда жаңалық бар,  
Айтатын көпшілікпен бүгін досқа.  
Наурызда тойым болад деген кезде,  
Шаттықтан кетті көзден шығып жас та, – деп айтып бастағанда елдің бәрі Жансаядай жалғыз жар тапты деп ойлап қолын соғып шулай берді. Бірақ ұйқастың аяғын:  
Қысқасы тойдан қалып қалмаңыздар,  
Батыста болғалы түр дүбір басқа.  
Үкілеген Жансая қыздарыңыз,  
Үш айдан соң толады қырық жасқа, – деп аяқтағанда халықтың ішек-сілесі қатып, еріксізден қол соғып, Дидардың шебер айтыскер екендігіне сүйсініп-ақ қалды.

Ал бұларға берілген «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» атты тақырыпты аша жырлаған Жансая Мусина қазіргі қоғамда жастар арасында орын алып жатқан махр мәселесін әдемі әзілмен өріп, өзінің бойдақтығын айтып:

Біреуге бриллиант сырға,  
шуба керек,  
Көп қызға соны алатын махр керек.  
Махр де, пахр де емес Жансаяға,

Жүрегін жаулайтын бір батыр керек,  
– деп көрерменді күлкіге қарқ қылды.

ЖОҒЫНДЫ ЖОҚТАУҒА ДА  
БІЛІМ КЕРЕК

Бұлардан кейін қапталдаса шабатын қос тұлпардай болып ел алдына Алматы қаласынан келген Қазірет Бердіхан мен Шымкенттің шынары Біржан Байтуов сыйласып отырып, қазақтың жігіттерінің ынтымағы мен бірлігінің үлгісін көрсетіп, өздеріне берілген «Сапалы білім – ел болашағы» атты тақырыпты ашып, жақсы айтыс жасады. Ал астаналық Әсем Ереже мен алматылық Шұғайып Сәзімхан «Ғылым таппай мақтанба» тақырыбында сөз қозғап, елді ғылыммен білімге әуес болуға шақырып, арасында бір-біріне әзілдеп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсемнің: «Жоғынды жоқтауға да білім керек, бағыңды сақтауға да білім керек» деген сияқты тіркестерімен Шұғайыптың: «Білімсіздің көңілі тоттанады, білімдінің көзінде от жанады. Болашағы бар елдің, кітапханасы көп болады» деген сияқты сүбелі сөздері есте қалды.

## ҚАЙЫН АҒА МЕН КЕЛІН АЙТЫСТЫ

Бұл жолы ерекше болып көзге түскен екі ақын болса, соның бірі

ұлытаулық Өміржан Көпбосыновпен айтысқан алматылық Айым Асылбекқызы болды. Айымның бас-аяғы жұмыр шумақтары көрерменді еріксізден өзіне баурап алды. Әрі бұл екі ақын қайны ағамен келін болып айтысып, қазақтың әдеп ибасы мен нәзік сыйластығын жырмен жақсы жеткізе алды. Осылайша айтулы сөз додасының бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезеңге 14 ақыннан 8 ақын өтті. Бұл сегіз ақын мәреге жақындаған тұлпардай елдің делебесін қоздырып, «Алтын домбыраның иесі – менмін дегендей» әрқайсысы да сайдың тасындай өлеңдерімен көрерменнің көңілінен шығуға барын салды. Астананың жұрты да алтын кермеге алқынған арғымақтарын қолдауға алақандарын аяп қалған жоқ. Ал мұндағы Дидар Қами мен Өміржан Көпбосыновтың, Шұғайып Сәзімхан мен Нұрбол Жауынбайдың, Біржан Байтуов пен Әсем Ереженің, Мейірбек Сұлтанхан мен Қазірет Бердіханнның, Айым Асылбекқызы мен Аспанбек Шұғатаевтың қай-қайсысының айтысы болса да тартысқа толы аламан болды.

КӨРЕРМЕН ДЕ  
ӨЗАРА АЙТЫСТЫ

Тіпті суперфиналға «ана ақын өтеді, мына ақын өту керек» деген сияқты көрермендердің арасында да өзара айтыс жүріп жатты. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл жолғы айтыста тұрпаты бөлек тұлпардай болып көзге түскен екі ақын болды. Оның бірі – Айым Асылбекқызы болса, екіншісі Нұрбол Жауынбаев. Атқан оқтай, жаққан оттай лапылдаған жастар нағыз тәуелсіз елдің ұландары екенін көрсетіп тұрғандай күй кешті. Содан кейін сегіз ақыннан сараланып шыққан саңлақ төрт ақынды қазылар алқасы суперфиналға, яғни үшінші кезеңге шығарып берді. «Кіл жүйрікте шын жүйрік» анықталатын соңғы айналымда Дидар Қами мен Мейірбек Сұлтанхан, Нұрбол Жауынбаев пен Айым Асылбекқызы бірінен бірі озған тұлпарлардай іркес-тіркес шумақтары халықтың өзін әбігерге салып, «Алтын домбыраны кім алса әділ болмақ» деген сұрақпен мазалап қойғаны анық.

СЫР САҢЛАҒЫ  
ТОП ЖАРДЫ

Бірақ шешуші кезеңде шешіле шапқан, бауыры жерге тигенше көсіле шапқан жүйріктей алдыға шығып «Алтын күн аспанының астындағы, Алтын дәні төгілген далам алтын» деп жырлап арасында елдік мәселелерді, замана ауқымын, қоғам дертін тілге тиек еткен Мейірбектің жол-көлік оқиғаларын тізбелеп келіп, халықты көлікті ақырын айдауға үндеп, «... ешқайда ешуақытта асықпайық, күйген дүние күйсінші күйіп кеткір. Альфартпен «а» нүктені бастағанның, баратын «б» нүктесі бейіт боп тұр» деген сияқты ойлы шумақтары қандай жүлде болса да лайықты екенін бірден аңғартып, ақыры 2024 жылдың «Алтын домбырасын» бабы мен бағы қатар шауып қатарластарынан балы асқан сырдың саңлағы Мейірбек Сұлтанхан иеленді. Ал екі миллиондық бірінші орынды Нұрбол Жауынбаев алып, оған айтыс ақтангері деген ат қоса беріліп, кеудесіне төсбелгі тағылды. Одан кейін бір миллион үш жүз мың теңгелік екінші орынды Айым Асылбекқызы алап, бір миллион теңгелік үшінші орынды Аспанбек Шұғатай, Дидар Қами, Өміржан Көпбосынов иеленді. Сондай-ақ кәсіпкер Ойрат Еркебұланұлы Өміржан Көпбосыновтың астына ат мінгізді. Ал «Көрермен көзайымы» жүлдесі ақжайықтың ақыны Жансая Мусинаға берілсе, 600 мың теңгелік арнайы жүлде Әсем Ереже, Біржан Байту, Қазірет Бердіхан, Шұғайып Сәзімханға бұйырды. Қалған қатысушылардың әрқайсысына 500 мың теңгеден сыйлық үлестірілді. Ал сөз өнерінің қолдаушысы болып, бастан-аяқ ата-анасымен бірге осы айтысты тамашалаған «Q4 Auto Tulpar» автокөлік компаниясының негізін қалаушы, кәсіпкер Талғат Сақанұлы «Атымтай Жомарттығын» танытып, айтыстың ақсақалы Жүрсін Ерманға және Жансая Мусинаға, сонымен қатар жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан су жаңа «Алтын домбыра» иегері Мейірбек Сұлтанханға темір тұлпар, Біржан Байтуов пен Нұрбол Жауынбаевқа ат мінгізді.

№147 (4735) 10/12/2024 Сейсенбі

## ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Ұлттық музейде көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына арналған «Өлеңмен өрілген өмір» атты әдеби-сазды кеш өтті.



Әдеби-сазды кештің мақсаты – ақынның өмірі және шығармашылығымен таныстыру, ақын поэзиясын насихаттау, жырлары арқылы жастарда отансүйгіштік рухты ояту, туған елімізді, жерімізді сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Іс-шараға белгілі қаламгерлер, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, К.Байсейі-

това атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледж студенттері, Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы, А. Байтұрсынұлы атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі, А.Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы оқушылары қатысып, ақынның жауһар жырларын оқып, сөзіне жазылған

әндерді орындады. Музей қорындағы ақынның жеке тұтыңған заттары, фотосуреттері мен кітап көрмесі таныстырылды.

Әдеби-сазды кештің мақсаты – ақынның өмірі және шығармашылығымен таныстыру, ақын поэзиясын насихаттау, жырлары арқылы жастарда отансүйгіштік рухты ояту, туған елімізді, жерімізді сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.

## АҚБОТАНЫҢ АППАҚ ГҮЛДЕРІ

Басталған сәттен көрерменіне тосын сый жасады. Сахнада қоңыр домбыраның үні естілгенде бір ерекше күйге бөлендік. Конгресс-холдың кең залын қоңыр әуен тербетіп тұрғандай сезілді. Жандүниемізді де қоңыр әуен билеп алғандай.

Бұл залда талай концерт, небір шоу бағдарламалар өтіп келеді ғой. Ал жанға жылылық берген Ақбота Керімбекованың ән кеші бөлек әсер қалдырды. Басталуының өзінен көрерменді селт еткізіп, үйіріп алғандығынан шығар. Бәлкім, ешқандай жасандылықсыз ағынан ақтарылып, сыр шертіп, әнге бөлеп, күймен демегенінен шығар. Сағындырған есті әндердің жанымызға жайлылық сыйлағанынан болар.

Осы тұста концерттің постановкасындағы өзгеше шешімдерді де айта кету керек. Басталуы, динамикасы, түйіні. Репертуардың өзі көрермені бір желімен жетелеп, көптің көңілін баурап, ойын да шашау шығармады. Бір дем, бір тыныспен тыныстатып, үйіріп әкетті.

Концерттен соң Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі Рига Онаева: «Біз Ақботаның анасының әндерін тындап өстік. Ол бір өзгеше терең әнші. Әнді сезінуі бөлек. Жеткізуі бөлек. Осындай ананың Ақботадай ерекше әншіні тәрбиелеп өсіруі, сол шаңырақта Ақботадай таланттың тууы заңдылық секілді» деп ой бөлісті.

Көрерменнің ішінде әсерімен бөлісіп, Ақботаға алғыс айтып жатқандар көп болды. Бұл оның таланттын мойындау, жасандылыққа жаны қас, қарапайым болмысына риза көңіл екені сөзсіз. Бұл концерт саф өнердің ана сүтімен дарып, қанмен беріліп, еңбекпен дамып, ізденіспен бірге өрістейтінінің көрінісі болды. Анасы,



қызы, жиені, үш буын ұрпақ бір сахнада өнер көрсетті. Бәрі өзара жымдасып, үйлесіп жатты.

Елге белгілі, тыңдарманға танымал қазақ эстрадасының жұлдыздарымен бірге ән шырқады. Жұлдыздар жыпырлап сахнаға үйірілгендей бір әсер. Индира Елубаевамен дуэт болып шырқаған «Мүмкін емес» әні жүрек тербетті. Автормен бірге орындаған әнге Ақбота әнші ерекше бояу қосқандай. Ән салып емес, сахнада хал кешіп тұрғандай бір әсер.

Жалпы Ақботаның Саят Медуевпен дуэті – өзгеше тандем. Қырғыз әні «Бегімайдың жырын» дәл Саят пен Ақботадай

ешкім жеткізе шырқай алмас. Ал Айгүл Бажанованың әні мен сөзіне жазылған «Қош, махаббат» жүректі мұңға бөлейді. Ербол Спанадиевпен бірге шырқаған «Солай» әні шағын спектакльді көріп отырғандай әсер береді.

Ақботаның орындауындағы Қуаныш Төлеметовтің сөзіне жазылған Құралай Сәтмұхамедованың «Аппақ гүлдер» әні – өнер иесінің сахнадағы «паспорты» десек, артық айтпаймыз. Біржан Шалқармен дуэтіңдегі «Ана мен бала» әні тыңдарман көңіліне өзгеше күй сыйлады.

Бағдагүл РАХМЕТҚЫЗЫ,  
журналист



## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Астанадағы «Аспан» спорт кешенінде Тәуелсіздік күніне орай шинкиокушинкай каратэден республикалық турнир өтті.

Шинкиокушинкай каратэ федерациясының ұйымдастыруымен өтіп жатқан бұл бәсекеңі ашылу салтанатына федерация президенті Санжар Жаркешов пен федерацияның вице-президенті Қайырат Қалижанұлы қатысты. «Жарысымыздың алғашқы күнінде 150-дей қатысушы «ката» бағдарламасында шеберліктерін көрсетсе, «кумитэ» бағдарламасы бойынша жекпе-жек сайысында 500-дей спортшы жүлдеге таласты. Додамызға Қазақстанның бірнеше өңірінен бөлек, көрші Қырғызстаннан да қатысушылар келді. Турнирімізге атсалысқан спортшыларға, ата-аналарға, демеушілерге алғысым шексіз» деп Шинкиокушинкай каратэ федерациясының прези-



денті Санжар Жаркешов өз ризашылығын білдірді. Жарыс соңында жеңімпаздар арнайы медальдармен және сыйлықтармен марапатталды.

2025 жылы Астана кубогының 25 жылдығына орай 25 мемлекеттің қатысуымен шинкиокушинкай каратэден ауқымды халықаралық жарыс өткізу жоспарланып отыр.

## КЕДЕРГІДЕН ҚАРҒЫП КӨР...

Елордалық Qazaqstan спорт кешенінде Funny Sport жобасы аясында жастар арасында кедергіден аттап жүгіру жарысы өтті.

18 бен 25 жас аралығындағы 200-ден астам адам ALL IN SPORT спорттық іс-шарасында өз күштерін, төзімділігін сынады.

Жарысқа үш кәсіби станция кіреді. Crossfit станциясы – жалпы дене шынықтыруды, күшті, төзімділікті және қозғалысты үйлестіруді дамытуға бағытталған жаттығулар жиынтығы. Жеңіл атлетика станциясы – төзімділік пен жылдамдық жаттығулары,

соның ішінде қатысушының физикалық қабілеттерін көрсететін жүгіру. Ал ауыр атлетика станциясы болса, ауыр көтеру күшін сынауды және күш жаттығулары арқылы төзімділікті тексеруді ұсынады.

– Біздің басты мақсатымыз – елорда жастарын салауатты өмір салтына тарту. Ол үшін біз бірегей креативті жүгіру жолын ойлап таптық. Оған 220-ға

жуық адам қатысуда және олардың әрқайсысы нәтижеге қарамастан жеңімпаз болады, – деді Funny Sport жобасының атқарушы продюсері Тимур Есімов.

Жарысты ұйымдастырушылар қатысушылар мен жанкүйерлерге ақшалай сыйлықтар, гаджеттер және спорттық аксессуарлар сынды түрлі сыйлықтар табыс етті. Әр қатысушы медальмен марапатталды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –  
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың  
орынбасары –  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №147

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА